БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№102 (9420) | 1954 жылғы 22 май Сенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

Совет халықтарының мызғымас достығының тірегі —Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

Халықтар достығының салтанаты

Бүкіл еліміз тарихи зор оқиға —Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын кеңінен мерекелеуде. Еліміздің барлық жерлерінде —кәсіпорындарында, колхоздарда, совхоздарда, МТС-терде, оқу орындарында, мекемелерде Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған салтанатты жиналыстар өтуде, әңгімелер, лекциялар ұйымдастырылуда. Бүгін Киевте Украин ССР Жоғарғы Советінің мерекелік сессиясы ашылады. Оның жұмысына ССРО-ның барлық республикаларының өкілдері қатысады.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығының мерекесі біздің еліміздегі халықтар достығының салтанаты болып табылады. Бұл достықтың түпкі тамыры «тілі жөнінен де, мекені жөнінен де, мінез-құлқы жөнінен де, тарихы жөнінен де соншалық жақын» (В. И. Ленин) екі ұлы славян халқы — орыс және украин халықтарының біртұтас Россия мемлекетін құру жолындағы қасырлар бойғы күресінен басталады. 1648—1654 жылдардағы азаттық соғыста ұлы орыс халқының үлесі қолдауы мен көмегіне сүйене отырып, украин халқы өзінің қарулы күштерін нығайтты, поляк шляхтасының басқыншыларына қарсы күресте тамаша жеңістерге ие болды. Осы жалпы халықтық күрестің жеңісі нәтижесінде Украина Россиямен қайта қосылып, өзінің тағдырын Москвамен, туысқан орыс халқымен мәңгі байланыстырды, ұлттық дамуын қамтамасыз етті.

Украин және бұрынғы патшалық Россияның басқа да халықтарының тағдырын шешуде ұлы орыс халқының ролі орыс жұмысшы табының және оның жауынгерлік авангарды — Коммунистік партияның тарихи аренаға шыққан кезде аскан күшпен көрінді.

«Ұлы орыс және украин пролетарлары бірлесіп қыймыл жасағанда, —деп жазды В. И. Ленин, —еркін Украинаның болуы мүмкін, мұндай бірлік болмаса, еркін Украина туралы сөз болуы да мүмкін емес...» Лениндік бұл нұсқауды украин халқы әрқашан басшылыққа алып, өзінің тарихи дамуында жеңістен жеңіске ие болып келеді.

Коммунистік партияның басшылығымен Россияның жұмысшы табы еңбекші шаруалармен бірлесе отырып, ұлы Октябрь социалистік революциясын жасады, капи- [illegible] ры ерекше назар аударарлықтай. Республикада 147 жоғары оқу орындары, 629 техникумдар мен арнаулы орта дәрежелі оқу орындары жұмыс істейді. Оларда 5,5 мыңнан астам студенттер мен оқушылар оқыйды. Республикада ғылым мен әдебиет және искусство кең өріс алуда.

Бүкіл еліміздегі сияқты, Украинаның шаруашылық, саяси және мәдени өмірде қол жеткен орасан зор табыстары ең алдымен Коммунистік партияның даналық басшылығының, туысқан орыс халқының қалтқысыз көмегінің нәтижесі.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелей отырып, совет елінің барлық ұлттары, халықтары лениндік-сталиндік ұлт саясатының тамаша жеңістерін салтанат етеді. Өйткені, социалистік ұлттардың ішіндегі жетекші ұлт— туысқан орыс халқының көмегі арқасында, Коммунистік партияның басшылығы арқасында украина халқы сияқты еліміздің басқа да халықтары коммунистік қоғамның жарқын болашағына қарай сеніммен алға басуда.

Коммунистік партия көп ұлтты совет халқының мызғымас достығын шындап нығайтты. Бұл достық тұрғанда бізге ешқандай ішкі және сыртқы жаулар қорқынышты емес.

Кәзір совет халқы Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы мерекесін елімізде азық-түлік және шикізат молшылығын жасау, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету, тын және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық өндірісін ұлғайту жолындағы күрес үстінде қарсы алып отыр. Бұл күресте ССРО халықтарының бірлігі мен достығы жаңа күшпен көрінуде. Мұны біздің республиканың, оның ішінде облысымыздың өмірінен-ақ айқын көруге болады. Еліміздің өнеркәсіп орындары колхоздарды, МТС -тері мен совхоздарды озат, қуатты ауылшаруашылық техникаларымен қаруландыруда.

Облысымыздағы тың және тыңайған жерлерді игеру үшін Москвадан, Киевтен, Кубаньнан және басқа қалалардан мыңдаған жас патриоттар келді. Туысқан республикалардың патриоттық көмегі, көктемгі дала жұмыстарына тыңғылықты әзірленіп, оны ойдағыдай жүргізу үшін қажетті жағдай жасады. Облысымыздың алдыңғы қатарлы шаруашылықтары социалистік жарыстың туын жоғары ұстап, көктемде тың және тыңайған жерлерді [illegible]

Бүгін Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы

★ ★ ★ ★

Цифрлар мен фактілер

УКРАИН ССР

Социалистік құрылыстың алғашқы жылдарында-ақ Украинаның ондаған кәсіпорындары мен жоғары оқу орындары қазақ жастарының білім ордасына айналды. Соғыстан бұрын Киевте, Харьковта, Днепропетровскіде және Украинаның басқа да қалаларында қазақ халқының көптеген ұлдары мен қыздары оқыды.

* * *

Украин халқының ұлдары мен қыздары Қазақстанда өнеркәсіп орындарының құрылысына тікелей қатысты. 1931 жылы тек жалғыз Донбасс қана біздің республикамызға тұрақты жұмысқа 400 инженер-техник қызметкерлерді және кеншілерді жіберді. Украиндықтардың Қарағанды шахтасының алдыңғы сапында болып, еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті.

* * *

Қазақстанда украиндықтар қатыспаған ірі құрылыстарды табу өте қиын. Түркстан —Сибирь теміржолын салуға орыс, қазақ, өзбек және басқа ұлттармен бірге украиндықтар да қатысып, халықтар ынтымағының өнегесі болды.

* * *

Қазақстанда ауыл шаруашылығын коллективтендіруде, ауылшаруашылық техникасымен қаруландыруда Украина ерекше роль атқарды. Украинадан келген «ХТЗ» тракторларын қазақ шаруалары бірінші болып меңгеріп, республикада социалистік жер шаруашылығының қарқынын күшейтті.

* * *

1929- 1930 жылдары партияның шақыруы бойынша жұмысшы табының шаруалармен одағын нығайту үшін Қазақстанда 1.204 адам жыйырмабесмыңшылардың құрамында келді. Бұлардың бес жүзін Украинаның жұмысшы табы жіберді.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын атап өту мақсатымен еңбекшілер депутаттары Москва Советінің атқару комитеті Москвадағы Маросейка көшесін Богдан Хмельницкий көшесі деп атауға ұйғарған болатын.

СУРЕТТЕ: Богдан Хмельницкий (бұрынғы Маросейка) көшесі.

Суретті түсірген **Н. Грановский.** **(СОТА-ның фотохроникасы).**

Цифрлар мен фактілер

ҚАЗАҚ ССР

Ұлы Отан соғысы жылдарында еліміздің барлық халықтары сияқты, қазақ халқы да Украинаны неміс фашист басқыншыларынан азат ету үшін күресте жанын да, қанын да аямады. 1943 жылы 18 майда «Правда» газеті былай деп жазды:

«Харьков түбінде болған ұрыстарда біртоп қазақ жауынгерлері немістердің қарсылығын баса көктеп, өзеннің арғы жағына өтті. Жаудан азат етілген Украина жерін қазақтар мейірі қанып сүйді».

Қазақ халқы Донбасты, Киевті, Днепропетровскіні және басқа қалаларды азат ету жолындағы ұрыстарда ерлік көрсеткен ардагерлерін мақтан етеді. Туысқан Украина жері үшін болған ұрыстарда ерлік, қаһармандық көрсеткені үшін қазақстандық 120 жауынгерге Совет Одағының Батыры атағы берілді. Орден, медаль дармен наградталғандар саны мұнан да көп.

* * *

Қазақ халқы Украинаның соғыстан күйзелген шаруашылығы мен мәдениетін қалпына келтіру ісіне ат салысты. Украинаға мыңдаған қазақстандықтар барды. Олардың ішінде 400 адам ауылшаруашылығының мамандары — агрономдар, малдәрігерлері, 200 адам тракторшылар мен механиктер, 7.000 теміржолшылар бар.

* * *

Советтік Қазақстанның колхозшы шаруалары 1944 жылдың өзінде Украинаға 500-ден астам трактор, 50 мың бас сиыр малын, 100 мың қой, мыңдаған жылқы мен жұмыс малдарын беріп туысқандық көмек көрсетті.

* * *

Бір ғана Қарағандының өзі Донбасқа 64 электромотор, 41 трансформатор, басқа да көптеген өндіріс құрал- жабдықтарын берді, маман кадрларын көмекке жіберді.

Қырғыз халқының бақыты

Коммунистік партия тығыз топтастырған ұлттардың ұлы ынтымақтастығының жемістерін қырғыз халқы толығымен сезіп отыр. Бұрынғы кезде еліміздің ең артта қалған шет аймақтарының бірі болған Қырғызстан кәзіргі уақытта жоғары өркендеген индустриясы және механикаландырылған ірі ауыл шаруашылығы бар социалистік республикаға айналды.

Кәсіпорындардың өндірістік қуаттары артып, жаңа заводтар мен фабрикалар іске қосылуда.

Колхоз құрылысы таулы өлкені жоғары өркендеген ауыл шаруашылығы бар елге айналдырды. Оның кең байтақ алқаптары қунарлы егіс даласы мен плантацияларға айналды. Республиканың колхоздары мен совхоздары егіншілік өнімдерін барған сайын көп беріп келеді. Олар сонымен қатар мақта, темекі, дәрілік өсімдіктер, торғалы және эфир-майлары дақылдарын беруде. Өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының жаңашылдары, ғалымдар, әдебиет пен искусство қайраткерлері болып еңбек етуде.

Ұлы орыс халқының және көп ұлтты Совет Одағының басқа халықтарының туысқандық көмегі болмаған күнде, қырғыз халқының табыстары да мүмкін болмас еді. Халықтардың бұл достығы үнемі өзара көмектесуден, экономикалық және мәдени жағынан тығыз байланыс жасаудан айқын көрінуде. Қырғызстанның өнеркәсіп орындарына керекті жабдықтар Ленинградтан, Москвадан, Россия Федерациясының басқа қалаларынан, Украинаның индустриялық орталықтарынан келіп түсуде.

Ал, Қырғызстан өз тарапынан туысқан республикаларға металл мен көмір, станоктар мен машиналар жөнелтуде. Біздің кәсіпорындарымыздың кармасы таңбаланған жібекті, консервтерді және халық ту-

лықтардың ғасырлар бойғы арманы—Сэвет өкметін орнатты. Украин халқы орыс бауырластарының сонынан бірінші болып Октябрь революциясының туын жоғары ұстады. Сөйтіп, ол өз тарихының жаңа және данқты беттерін ашты, советтік республикалар семьясынан көрнекті орын алып, ұлттық мемлекетін құруды жүзеге асырды.

Коммунистік партияның күнбе- күнгі қамқорлығы арқасында лениндік- сталиндік ұлт саясатының мұлтіксіз жүзеге асырылуының нәтижесінде Украина ССР-ның, басқа да туысқан республикалар сыяқты, шаруашылық және мәдени құрылыста қол жеткен табыстары орасан зор. Совет өкметі жылдарында Украина алдыңғы қатарлы индустриялды- колхозды республика болып, елімізде коммунистік қоғам орнату ісіне лайықты үлес қосуда.

Украина өнеркәсібінің маңызды саласы —көмір, металлургия, машина жасау, химия өнеркәсібі ойдағыдай өркендеуде. Неміс- фашист басқыншылары бұлдірген кәсіпорындарын қалпына келтіріп, оны онан әрі өркендету арқылы республика 1953 жылы соғыстан бұрынғыдан көмірді—20 процент, шойынды— 49 процент, болатты —59 процент, прокатты — 64 процент артық өндірді. Халық тұтынатын тауарларды өндіретін кәсіпорындары жылдамдатылған қарқынмен өркендеуде. Демек, Украинаның өнеркәсібі негізгі көрсеткіштер бойынша Франция, Италия сыяқты Европаның капиталистік елдерінен анағұрлым ілгері кетті.

Осы сыяқты, Украинаның мәдени құрылыс саласындағы қол жеткен табысты-рын мерзімінен бұрын аяқтады. Олардың қатарында Чистов, Киров атындағы істік совхоздары, Совет ауданының Каганович атындағы, «Совет», Молотов атындағы, Булаев ауданының Калинин атындағы, Конюхов ауданының «Колос» колхоздары және басқалары бар.

Егіс даласында еңбек өнімділігін арттыру, техника күшін толық пайдалану, сөйтіп, көктемгі дала жұмыстарын таяудағы төрт- бес күнде аяқтау, облыс егіншілерінің бүгін таңдағы басты міндеті болып отыр. Бұл міндеттің ойдағыдай орындалуына сенім зор. Өйткені, еңбектегі табыстарымен социалистік Отанды онан әрі нығайту совет адамдарының дағдылы ісіне айналды.

Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы елімізде халық тұтынатын тауарлар өндіруді ұлғайту, азық- түлік, киікізат молшылығын жасау міндетін шешуде жаңа табыстарға ие болып, социалистік Отанымыздың онан әрі гүлденуіне жетісе береді. ССРО-да коммунистік құрылыстың табыстары, халықтар достығы идеясының салтанат етуі бүкіл дүние жүзіндегі еңбекшілері капитал тепкісі кен құтылу, халықтар арасындағы достықты, бейбітшілікті нығайту күресінэ жігерлендіреді.

Ұлы Отанымыздың күші мен қуатының қайнар бұлағы —ССРО халықтарының мызғымас достығы мәңгі жасап, нығая берсін!

Маркстің — Энгельстің — Лениннің —Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!

ССР Одағы Қорғаныс Министрінің

БҰЙРЫҒЫ

Москва қаласы *№ 75* *22 май 1954 жыл*

Жолдастар, солдаттар мен матростар, сержанттар мен старшиналар!

Жолдастар, офицерлер, генералдар мен адмиралдар!

Бүкіл совет халқымен бірге ССР Одағының Қарулы Күштерінің қатардағы құрамы Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын аса көрнекті тарихи оқиға, украин және орыс халықтарының және Совет Одағының барлық халықтарының зор ұлттық мерекесі ретінде атап өтуде.

Сіздерді Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығының бүкілхалықтық мерекесімен құттықтаймын.

ССРО халықтарының мызғымас туысқандық достығының құрметіне **бұйырамын:**

Жыйырма үшінші майда Советтік Украинаның астанасы —Киевте, Харьков, Переяслав-Хмельницкий, Львов қалаларында және қаһарман қалалар Севастополь мен Одессада әскери парад өткізіліп, жыйырма дүркін артиллерия атылып, салют берілсін.

Отызыншы майда Отанымыздың астанасы —Москвада әскери парад өткізіліп, жыйырма дүркін артиллерия атылып, салют берілсін.

Біздің ұлы Отанымыз —Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

Көп ұлтты социалистік мемлекетіміздің күші мен қуаттылығының қайнар көзі —еліміздің халықтарының арасындағы туысқандық достық жасасын!

Жеңістер данқына бөленген, Отанымыздың бейбітшілік мен хауіпсіздігінің күзетінде тұрған советтік Қарулы Күштер жасасын және нығая берсін!

Совет Үкметі жасасын!

Совет халқының коммунизм орнату жолындағы күресіндегі ұлы дем беруші және басшы күші —Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

ССР Одағының Қорғаныс Министрі
Совет Одағының Маршалы
Н. А. БУЛГАНИН.

Өскемен су электр станциясының құрылысына қажетті жабдықтар жасау ісіне еліміздің төрт жүзден астам кәсіпорындары қатысты. Ленин орденді Ново- Краматор заводы Өскемен су электр станциясына әрқайсысы 310 тонналық екі көтеру кранын жасап жіберді. Украинаның машина жасаушылары Қазақстандағы ірі су электр станциясы құрылысының аяқталуына лайықты үлес қосты.

* * *

Қазақстанға тың және тыңайған жерлерді игеру үшін 15 мыңнан астам украиндық- механизаторлар келіп, егіс даласында қажырлы еңбек етуде.

* * *

Өткен жылы украин ғалымдары Қазақстанға бір жүзден астам ғылми жұмыстар жіберді.

руде. Мал саны жылдан-жылға көбейіп, қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігі артуда.

Қырғызстан еңбекшілері СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының қарарларын орасан зор жігермен жүзеге асырып жатыр.

Коммунистік партияның кеменгерлік ұлт саясаты қырғыз халқының мәдениетін шын мәнісінде гүлдендіріп, өсіруді қамтамасыз етті. Совет өкметі жылдарында біздің республикамызда ұлт әдебиеті, ұлттық театр және бейнелеу искусствосы құрылды. Қырғызстанның ірі қалаларында жалпыға бірдей онжылдық білім алу ісі жүзеге асырылуда.

Қалалар мен селолардың сыртқы бейнесі ғана өзгеріп отырған жоқ, сонымен қатар—ең бастысы: адамдардың өздері, олардың рухани дүниесі, еңбекке және бір-біріне көзқарасы өзгерді. Бұрынғы көшпелілердің ұрпақтары, кейбіреулері тіпті бұрынғы батрактар, бүгінгі күн: еліміздің әр түпкірінде көруге болады.

Қырғызстанның театрларында қойылып жатқан украин шығармаларын көруге халық өте көп келуде. Қырғыз мемлекеттік баспасы мереке күндері қарсаңында Тарас Шевченконың таңдамалы шығармаларын, Иван Франконың, Леся Украинканың, Павел Грабовскийдің шығармалар жыйнағын басып шығарды. Украин совет ақындарының өлеңдер жыйнағы қырғыз тіліне аударылып, баспадан шықты.

Қырғыздар орыстармен, украиндармен, өзбектермен, азербайжандармен және Совет Одағының басқа халықтарымен бірге бір оймен өмір сүріп, бәрімізге ортақ бір істі жүзеге асыруда. Басқа совет халықтарымен бірге бақыт жолымен алға басып келе жатқан қырғыз халқының тұрмысы әрі тамаша, әрі сәулетті.

Құрманғали ҚАРАКЕЕВ,
Қырғызстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары.

Өткен жылы Қазақстан ғалымдары Украинаға 200-ге жуық ғылми еңбектер жіберді.

* * *

Ғ. Мүсіреповтың «Қозы- көрпеш және Баян-сұлу» пьесасы Украин драма театрларының репертуарларына енді. Жамбылдың өлеңдері, М. Әуезовтың «Абай», Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды» романдарын украиндықтар жақсы біледі.

* * *

Қарағанды мен Ворошиловград кеншілерінің социалистік жарысы жылдан- жылға кеңінен өрістетілуде. 1953 жылы Қарағанды кеншілері ворошиловградтықтармен социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін орындауда лайықты табыстарға ие болды.

ОБЛЫСЫМЫЗДЫҢ ЕГІС ДАЛАСЫНДА

Облыс колхоздарында егіс жұмыстарының барысы туралы

20 МАЙДАҒЫ МӘЛІМЕТ

Жоспардың орындалу проценті

Аудандар	Себілген дақылдар	
	Барлығы	жаздық бидай
Булаев	78,6	95,1
Конюхов	78,4	93,4
Совет	74,1	88,1
Соколов	69,0	84,8
Приешім	68,6	84,9
Полудень	68,5	87,7
Петропавл	66,7	81,6
Преснов	65,2	75,7
Мамлют	64,2	73,4
Ленин	57,3	65,7
Октябрь	54,4	64,6

Облысымызда дәнді дақылдар, әсресе, жаздық бидай егісін егудің ең қолайлы мерзімдері өтіп бара жатса да көктемгі егістің қарқыны мүлдем баяу болып отыр. Быйыл облысымызда трактор паркінің жаңа тракторлар есебінен толықтырылуына қарамастан егіс жұмыстары ойсыраған олқылыққа ұшырауда.

Бұл істе, әсресе, Октябрь, Ленин, Мамлют, Преснов аудандарының колхоздары төзгісіз артта қалып келеді. Октябрь ауданында бұл мерзімге дейін жоспардың орындалуы 54,4 процент ғана. Аудан МТС-теріне быйыл ондаған жаңа тракторлар берілді. Алайда, ауданның партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары бұл тракторлардың қуатын дала жұмыстарына өнімді пайдалана алмай келеді. Ворошилов, Коновалов, Торанғұл МТС-терінде тракторлардың біразы техникалық жарамсыздықтан егіс жұмыстарына қатыспаса, енді бір бөлегі жанар, жағар майдың жеткіліксіздігінен босқа тұрады.

Аудандық партия комитеті мен Совет атқомінің егіс жұмыстарындағы орын алып отырған кемшіліктерді дереу жоюдың нақтылы шараларын белгілеп, оны мінсіз жүзеге асыруды қамтамасыз етуге уақыттары жеткен еді. Бірақ, аудандық партия комитетінің секретарьлары Кундеренко, Корпич және аудандық Совет атқомінің председателі Мусин жолдастар колхоздарға ауыл шаруашылығын жете білмейтін аудандық мекемелердегі қызметкерлерді «өкія» етіп тағайындаумен істі тындырды.

Облыс колхоздарында соңғы бескүндікте ауа райының жақсы болуына қарамастан егіс жұмыстарының қарқыны мүлде төменден кетті. Мысалға Ленин ауданының колхоздарын алуға болады. Бұл ауданда соңғы бескүндікте 8 мың гектардан астам егіс одан бұрынғы бескүндіктегіден кем себілді. Бұл жағдайды аудандық партия комитеті мен совет атқомі басшыларының дала жұмыстарына қызу қарқын тұғызбай отырғандықтарынан деп түсіну керек.

Петропавл аудандық партия комитетінің секретары Қабдұнасов және аудандық Совет атқомінің председателі Ыбраев жолдастар «егіс жұмыстарында облыста үшінші орындамыз» деген зыянды пікірге түсіп, тоқмейілсіді.

Қазіргі уақыт ырғалып- жырғалушылықты көтермейді. Сондықтан көктемгі егістегі орын алған кемшіліктерді дереу жоюды, іске жаңа қарқын тұғызуды қамтамасыз ету— облыс партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының бұл күндердегі маңызды міндеті болып саналады.

Облыс совхоздарында егіс жұмыстарының барысы туралы

20 МАЙДАҒЫ МӘЛІМЕТ

Жоспардың орындалу проценті

Совхоздар	Егілген дақылдар	
	Барлығы	жаздық бидай
Булаев	103,5	136,4
Чистов	98,9	100,5
Явленка	97,7	100,0
Ұзынкөл	93,4	100,5
Киров	93,2	95,0
Тоқшын	91,7	111,0
Торанғұл	85,5	100,0
Жданов	83,6	109,4
Совет	82,3	88,6
Шағлы	81,1	98,0
Қыялы	80,5	85,4
Мамлют	80,5	100,0
Возвышен	79,9	88,8
Приешім	77,1	92,0
Ешім	76,6	100,0
Маленков	72,5	92,3

Совхоздар	Егілген дақылдар	
	Барлығы	жаздық бидай
Қызыләскер	72,1	71,4
Қарағанды	63,9	100,0
Степной	62,6	77,7
Октябрь	61,9	65,5
Петропавл	61,1	100,0
Буденный	57,1	100,0
Преснов	56,5	73,5
Тимирязев	55,0	71,8
Интернационал	47,0	61,5
Хрущев	41,0	53,5
Украинск	34,2	43,5
Дзержинский	29,4	38,4
Докучаев	26,2	34,1
Москварецк	17,6	22,9
Жамбыл	14,5	18,4

Облысымыздың алдыңғы қатарлы совхоздары егіннен мол өнім алуды қамтамасыз ету мақсатымен егіс жұмыстарының қарқынын кеңінен өрістетіп, бұл істе айтарлықтай табыстарға ие болып отыр.

Алайда, совхоздарды тұтас алғанда егіс жұмыстарының қарқыны әлі де болса төмен. Істің жайы әсресе, Возвышен, Қарағанды, Октябрь, Степной, Қызыләскер, Совет, Шағлы, Қыялы совхоздарында өтеміте нашар.

Преснов, Буденный, Октябрь және Степной совхоздарында егіс көлемі өткен жылға қарағанда быйыл екі есеге жуық ұлғайып отыр. Бұл совхоздарға техника күші де жеткілікті мөлшерде бөлінді. Бірақ, совхоз директорлары тракторлардың тәулік бойы жұмыс істеуіне жетісе алмады. Жанар майдың кезінде жеткізілмеуінен және тракторлардың техникалық жарамсыздығынан бірқатар тракторлар дала жұмыстарына қатыспады. Осының салдарынан аталған совхоздарда егіс жұмыстарының жоспары 56—62 процент орындалды.

Облыс совхоздарында көктемгі егісті осы бескүндікте аяқтауға қажетті күш мүмкіншіліктердің барлығы да бар. Сондықтан совхоз басшылары барлық тракторлардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне жетісуге тиіс.

Туысқан республикалар ғалымдарының творчестволық ынтымағы

☆

Академик А. ПАЛЛАДИН,
Украин ССР Ғылым академиясының президенті

☆

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеу зор ұлттық салтанат. Орыс және украин халықтарымен бірге бұл мерекені Ұлы Отанымыздағы халықтардың бүкіл бір туысқан семьясы атап өтуде. Орыс және украин халықтарының достығы ғасырлар бойы нығайып, шыңдалды. Осы туысқандық достықтың жарқын көріністерінің бірі ғылми проблемаларды бірлесіп шешуде, ғылми конференциялар, дискуссиялар өткізуде, ғылми еңбектерді бастыруда, ғылми кадрлар даярлауда орыс және украин ғалымдарының жан-жақты және ығілікті ынтымақпен жұмыс істеуі болып табылады.

Россия Федерациясының ғалымдарымен және өндірістілерімен тығыз ынтымақтасып жұмыс істейтін Е. О. Патон атындағы электрмен металл пісіріп қосу институтының коллективі ғылымға зор үлес қосты. Металл пісіріп қосатын жабдық жасау теориясы орыс ғалымы — академик В. П. Никитинмен және оның шәкірттерімен бірлесе отырып жасалды. Металлургияның металды пісіріп қосу және қоспалы конструкциялар технологиясының теориялық мәселелері әрқашан да көрнекті ғалымдар —техникалық ғылымның докторы. Москваның Баумэн атындағы жоғары техникалық училищесінің профессоры Г. А. Николаевпен, ССРО Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті Н. Н. Рыкалинмен және басқа ғалымдармен бірлесе отырып шешілді және шешіліп келеді. Металлды электрмен пісіріп қосу институты құрылғаннан бергі 25 жыл бойы оның коллективі туысқан республикалардың жүздеген заводтарымен, құрылыстарымен оның ішінде Орал машина жасау заводы, Таганрогтағы «Красный котельщик» заводы, Киров заводы, Москваның шағын литрлі автомашиналар заводы, «Ростсельмаш» және басқалары сыяқты еліміздің ең ірі кәсіпорындарымен творчестволық ынтымақ орнатты.

Электрмен металл пісіріп қосу институтының талантты коллективі жасаған металл пісіріп қосатын автоматтар мен жартылай автоматтардың ондаған конструкциялары еліміздің әртүрлі өнеркәсіп салалары мен құрылыстарында мейлінше кең пайдаланылып, еңбек өнімділігін мықтап арттыруды, машиналардың механизмдердің, құрылыс конструкцияларының сапасын жоғарытуды қамтамасыз арттырды, ол сонымен қатар, автомашина негізінде құрылған жүк тасийтын транспорттың — троллейбустың жаңа түрін жасап оны өндіріске енгізді. Жұмысты үнемді және шаншаң істейтін троллейбустар кәзір ашық карьерлердегі жұмыстарда пайдаланылуда. Институт конструкциялап берген жаңа приборлар сынған ойдағыдай өтіп, кәзір кен істерінің практикасына енгізілді, бұл приборлар шахтадағы атмосферада металдың, ылғалдың, ауа қысымының мөлшерін автоматтық түрде тіркеп отырады.

Орыс және украинның металлург -ғалымдары мен инженерлерінің творчестволық күш жігері арқасында кәзіргі уақытта отандық домна пештерінің жұмыс өнімділігі Батыс Европа мен АҚШ -тағы көлемі дәл осындай пештердің жұмыс өнімділігінен 15—20 процент артық болып отыр.

ССРО Ғылым академиясымен бірлесе отырып, гидрология мен гидротехника жылылық- энергетика мен электротехника салаларындағы маңызды проблемалар да талдап шешілуде, бұл проблемаларды зерттеу нәтижелері халық шаруашылығында, атап айтқанда, Каховка СЭС-ніің құрылысында барған сайын зор көлемде қолданылуда.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының қаулыларында ғылымның алдына қойылған міндеттерге сәйкес, республиканың ғалымдары ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттырудың жаңа әдістерін колхоз өндірісіне енгізіп, мал шаруашылығының өнімділігін арттыруды және сиыр малының жаңа тұқымдарын өсіріп шығаруды кәздеуде.

Республикамыздың аса зор табиғат қорларын пайдалану міндетін шеше отырып, Белорус ССР Ғылым академиясының ғалымдарымен бірлескен біздің экономика, биология институттарымыздың коллективтері, ботаниктер Полесьенің өндіргіш күштерін дамыту проблемасын, атап айтқанда, батпақтарды және батпаққа айналған жерлері жыртату мәселесін ке- тып, игеру схемасы жасалып, ол Белорус ССР Мелиорация министрлігіне берілді.

Украина мен Грузияның ғалымдары ұзақ жылдардан бері творчестволық достық байланыс жасап келеді. Грузин ғалымдарының тікелей қатысуы арқасында Закарпатьеде өзінің топырағы мен климаты жағынан шай өсіруге өбден жарайтын аудандар бар екені анықталды. Өткен жылы бұл жерде өсірілген шай өсімдігінен алғашқы тұқымдар алынды.

УССР Ғылым академиясының биохимия институтының коллективі зор табыстарға жетті. Ұлы Павловтың идеяларын дамыта отырып, біз орталық жүйке системасының биохимиясы жөнінде және ең алдымен, бас мыйының биохимиясы жөнінде ойдағыдай зерттеулер жүргізудеміз. Бұл институтқа еліміздің барлық ғылми мекемелерінде жүргізілін отырған осы жұмыстарды сәйкестендіру міндеті жүктелді. Институттың жараларды емдеуге, қанның ағуын тоқтатуға керекті препараттарды синтездеу жөніндегі еңбектерінің практикалық зор маңызы бар.

«Украин ССР тарихының» бірінші томының жарыққа шығуы Украина мен Москва тарихшыларының ынтымақтасып жұмыс істеуі арқасында ғана мүмкін болды. ССРО Ғылым академиясы мен УССР Ғылым академиясының тарих институттарының қызметкерлері «Украинаның Россиямен қайта қосылуы» деген документтердің үш томдық үлкен жыйнағын жасап, бұл жақында басылып шықты.

ССРО Ғылым академиясының көмегі арқасында бізде философия институты құрылды. А. А. Потебня атындағы тіл білімі институтының коллективі ССРО Ғылым академиясы мен Грузин ССР Ғылым академиясының тіл білімі институттарының ғылми қызметкерлерімен ойдағыдай ынтымақ жасап отыр.

ССРО Ғылым академиясы жанында құрылған, одақтас республикалардың ғылым академияларының ғылми жұмыстарын сәйкестеп отыратын совет туысқан республикалардың ғылми байланыстарын нығайтуға барынша көмектесін келеді. Біз ғылымды дамытумен байланысты әртүрлі мәселелерді талдап шешуде осы советтен үнемі көмек алып келеміз.

Туысқан республикалардың ғылми байланыстары ғылми кадрлар даярлау ісінен

БОГДАН ХМЕЛЬНИЦКИЙ

КОЛХОЗ КӨКТЕМІ

Быйылғы көктем біздің ауылшаруашылық артелінің колхозшылары үшін ерекше қуанышты және есте каларлық. Бүкіл совет халқымен бірге біз Украинаның

мектесті. Еңбекті көп керек ететін ондаған түрлі жұмыстар кәзір электр қуатының көмегімен орындалады. Сонымен қатар, селодағы 85 қоғамдық үйлер және

Тарас ШЕВЧЕНКО

* * *

Тұрсам да Украинада, не жат жерде,
Әйтеуір сүйретілген бір өмір той.
Бәлкім мәңгі ұмытар мені пенде,
Бәлкім алар есіне —бәрі бір той.

Ер жеттім еріксіз боп жат ортада,
Бақыты ашылмаған бір сор мандай,
Жылармын, өлермін мен шер-қапада,
Барымды әкетермін дым қалдырмай.

Еріксіз жат жайлаған туған елім—
Сүйікті Украинада ізім калмас.
Ата- баба ұмытып қайран елін,
Ең болмаса бір мезет есіне алмас.

Әкесі айтпас, қасына ап жалғыз ұлын,
«Украинаң үшін бір жалбарын» деп.
Мүмкін айтса, баласы алмас тілін,
Бәрібір той, неғылам оны елеп.

Бірақ, мына адамның азғындары
Ұрлап, қорлап елімді кәрнеу өртеп,
Жүргенінде сорлатып Украинаны, —
Айта алмаспын, айтпасын бәрі бір деп!

Аударған Қ. АМАНЖОЛОВ.

Леся УКРАИНКА

Шындық үшін аттан тұтас қолыңмен...

Шындық үшін аттан тұтас қолыңмен,
Бізде ортақ әділдіктің жолы бар.
Сенім біреу —біз күштіміз сонымен,
Кеудемізді тынысы бір, бауырлар.

Арамызда жоқ, бауырлар, арамдық.
Қорқа алмаймыз өсек пенен түнектен.
Әділеттің ізгі туын қолға алдық,
Жауыздыққа берілмейміз біз тіптен.

Шындық үшін күрескендер тайынбай,
Шындық күшін шын бағалай білгендер
Бізге келсін, хош аламыз бауырдай,
Біздің туыс —ақыйқатты сүйгендер.

Аударған М. ӘЛІМБАЕВ.

Максим РЫЛЬСКИЙ

ҮШ ЖҮЗ ЖЫЛ

Жайнайды күн, күлпыртып кең
өлкені

етуде.

Донбасс пен Кривойрогтың кәзіргі замандағы кен өндіретін механикаландырылған өнеркәсібін өркендетуде Украинада ұзақ жылдар бойы жұмыс істеген орыс ғалымдары —академиктер А. Н. Терпигоревтің, Л. Д. Шевяковтың еңбегі зор. Бұлар ұйымдастырған кеншілік ғалымдар мектебі Днепропетровскіде, Сталинода, Кривойрогте, Харьковте, Киевте ойдағыдай жұмыс істеуде. Біздің академияның кен істері институты «Донбасс» кен комбайнын басқаратын тұңғыш шахталық автоматтардың бірін жасап берді, мұның өзі агрегаттың жұмыс өнімділігін едәуір

шу жөнінде қажырлы еңбек етуде. Осы маңызды проблеманы шешуге тұысқан екі республиканың көптеген ғылми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары, тәжрибе станциялары қатысуда. Бұл жұмыстардың бір бөлегі кәзірдің өзінде аяқталды. Полесьенің жер астындағы суын зерттеу жұмысы аяқталып, оны биоботаникалық жағынан аудандастыру мәселесі талдап шешілді. Припять өзені бассейнінде ауыл шаруашылығын өркендетудің перспективасы белгіленді. Белгіленген шараларды жүзеге асыру егістік жердің көлемін 1 миллион гектар, соның ішінде топырағы шымтезекті жерде 755 мың гектар арттыруға мүмкіндік береді. Полесье ойпатындағы батпақтарды құрғаде пайдалану жолдарын іздеуде. УССР Ғылым академиясының ондаған ғылми қызметкерлері аса көрнекті орыс ғалымдарының басшылығымен докторлық диссертациялар әзірлеп, қорғады. Ал, оның бержағында біз бірқатар одақтас республикалар үшін жас ғылми кадрларды мәпелеп өсірудеміз.

Советтік Украина ғалымдарының тұысқан республикалардың ғалымдарымен орнаткан тамаша достық ынтымағы совет халқының бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістері арқасында көркейіп өсті. Бұл ынтымақ ұлы еліміздің коммунизмге қарай үздіксіз алға басуын қамтамасыз етіп отырған, дүние жүзіндегі ең озат совет ғылымын онан әрі ойдағыдай дамытудың кепілі болып табылады.

СОВЕТ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТУЫСҚАН СЕМЬЯСЫНДА

☆

Ю. ПАЛЕЦКИС,

Литван ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі.

☆

Халықтар достығы —зор іс! Кәзіргі уақытта, Балтықтың жағалауынан Памирдің қар басқан шыңдарына дейін, Солтүстіктің ызғарлы тұндрасынан Қырымның күн нұрына бөленген жүзімдіктеріне дейін —бүкіл совет елі Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеп отырған кезде, совет халықтары достығының әсерлі күшін, соншалық көптеген халықтарды біртұтас семьяға таптастыра білген Коммунистік партияның саясаты кемеңгерлік саясат екендігін ерекше күшті сеземіз.

Халықтар мен мемлекеттердің өмірінде 36 жыл дегеніміз көп уақыт емес. Бірақ, ұлы орыс халқынан бастап, таяудағы уақытқа дейін өзінің тіпті жазуы да болмаған ең аз ұлтты қосқанда, Совет Одағының барлық халықтары Ұлы Октябрьден кейінгі 36 жылдың ішінде оған дейінгі көптеген ғасырлар бойындағыдан анағұрлым көп табысқа ие болды. Тіпті ең шағын және өткен уақытта артта қалған халықтардың өз мемлекеті, өзінің халықтық үкметі болуын көксеген арманы да біздің заманымызда нақты іске айналды.

Буржуазияның үстемдігі тұсында литван халқының тағдыры қайғылы болды. Батыстың аранын ашқан жырткыш империалистері бізге қарсы қару оқтанып, біздің шағын, бау- бақшалы елімізге көз алартып, тісін қайрады. 1939 жылы Литва өзінің порты—Клайпедадан айрылды, оны гитлершілдер басып алды. Литван халқы қорлық пен зорлықты, мұқаждық пен қайыршылықты басынан кешірді. Көршілес империалистер бүкіл Литваға аранын ашып қана қоймай, тіпті литван халқын құртып, жер бетінен жоқ қыламыз деп қорқытты. Дүниежүзілік екінші соғыс кезінде Литваны уақытша оккупациялап алған гитлершіл фашистер литвач халқының тағдыры ол қызған таса төгілген тамшының тағдырымен тең деп ашықтан- ашық мәлімдеді.

Бүгін таңда, Советтік Социалистік дүниеде озат және бақытты Литва Совет Одағының бір- бірімен тең республикалары арасында тең өмір сүріп отырған кезде, литван халқы советтік құрылыс тұсында совет халықтарының тұысқандық көмегімен өзінің литван жерін қайта қосуға жеткен кезде, жоғарыда айтылған ауыр қасірет адам нанбайтын, жантүршігерлік сыяқты болып көрінеді.

Бұдан он жыл бұрын гитлершіл тобырлар жыландай жайлап, өртенген далаға айналдырған Литвада қалалар өсіп, фабрикалар, заводтар, электр станциялар орнады. Біздің теңізіміздің көгілдір тартқан жағалауынан Литвада бұрын ешуақытта да болып көрмеген балық аулайтын кемелер сапарға шыға бастады. Республикамыздың бүкіл өнеркәсібі, соғыстан кейінгі ауыр жылдарда тіпті портқа кіретін жолдарды қалпына келтіру керек болған ауыр жағдайға қарамастан, тұысқан халықтардың, ең алдымен ұлы орыс халқының көмегі арқасында қалпына келтірілді. Ол-олма: буржуазиялық өкмет тұсында тіпті болып көрмеген көптеген жаңа завод салынды. Өнеркәсіптің жаңа салалары, машина жасау, турбина жасау, станок жасау, электр машиналарын жасау өнеркәсіптері орнады. Жаңа қалалар салынып жатыр. Соғыстан кейінгі жылдарда Советтік Литвада көп, өте көп жұмыс істелді. Өнеркәсіп кәзірдің өзінде өнімді 1940 жылғыдан үш есе дерлік артық өндіреді. Біздің жаңада ғана ұйымдастырылған ауылшаруашылық артельдеріміз барған сайын нығайып, миллионер колхоздардың саны көбейіп келеді, партия мен үкметтің ауыл шаруашылығы жөніндегі қарарлары ойдағыдай жүзеге асырылуда.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы көркейіп қана қойған жоқ. Литван әдебиеті мен искусствосының Москвада болған онкүндігінің қорытынды концертінде ССР Одағының Үлкен театрының күмбезі астында ду қолшапалақталған кезде, Совет Үкметінің, Коммунистік партияның, халықтардың ұлы достығының литван халқын қандай зор табыстарға жеткізгенін жұрттың бәрі тағы да айқын көрді. Литван халқы барлық совет халықтарының коммунизмге қадам басқан ұлы жолында олармен бір сапқа тұрып, алға басып келеді. Оның мәдениеті бүкіл совет мәдениетінің біртұтас бөлегіне айналды. Москвада біздің творчестволық күштерімізді байқау шын мәнісіндегі қалтқысыз достықтың, шын пейілді көмектің және әкелік қамқорлықтың халықтардың барлық күшін көркейтуге қандай жемісті әсер жасап отырғанын көрсетті.

Социалистік ұлтқа айналған еркін литван халқы кәзір өз бақытының шын мәнісіндегі қожасы болып отыр. Ол барлық тұысқан совет халықтарымен қол ұстасып, ұлы достық пен бірлік сезімдерімен жігерленіп, Коммунистік партияның басшылығымен Советтік Отанның игілігіне жанаямай еңбек етуде.

Вильнюс.

300 жыл

Микола БАЖАН

АЛАҢДА

Желбіреген тулары бар қолында
Жауынгерлер қосылды жұрт тобына,
Берік қамал мызғымайтын биіктеп
Тұрды жаулар талқан болған орында.

Мәңгілікке жарқырады күн жүзі,
Софияға туды бақыт жұлдызы.
Күн шығысқа көтерілді достық қол,
Ғасырларға сілтеп тура жолды өзі.

Бара жатқан қан майданға долданып,
Батыл ұрпақ болат шлем қолға алып,
Осы аланда ата_ баба даңқына
Бас иеді тебіреніп, толғанып.

Бас иеді Қазақстан малшысы,
Полтавалық дихан, Сібір аңшысы,
бас иеді москвалық болатшы,
Богданды азат құттықтайды бар кісі.

Аударған С. МӘУЛЕНОВ.

Адамдарымыздың жаңқыярлық еңбегі үшін совет мемлекетінің бізге берген бірінші дәрежелі ауылшаруашылық техникасы біздің колхозымыздың табыстарының негізі. Бізде 11 колхозшы Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды, 254 адам ССР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды. Москвага Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне звено бастығы Пелагея Черная, Зинаида Олейник, Анна Юркова, сауыншылар Надежда Гуменюк және Ольга Зубик және басқа көптеген жас колхозшылар да барады.

Біздің ауылшаруашылық / артелінің колхозшылары үстіміздегі жылы Ленинград облысы, Гатчинск ауданы, Ленин атындағы колхозбен жарыска түсіп, өздерінің алдына жоғары және жауапты міндеттер қойды. Кәзір колхозшылардың барлық күш- жігері бұл міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдырылған.

Быйылғы жылдың көктемі біз / үшін жоғары агротехника көктемі болып табылады. 600 гектар күздік бидай алаңы минералдық тыңайтқыштармен деркезінде қоректендірілді. Барлық жаздық және тұқымдық бидайлар тек қана тоғыспалы әдіспен себілді. Қант қызылшасын жақсы өңделген жердің әр гектарына 2 центнерден минералдық тыңайтқыштармен тыңайтын септік. Күнбағыс, жүгері және картопты шаршы- ұялап отырғыздық. Барлық бригадалар кәзір егістерді ұқыпты күтуде.

Бүкілхалықтық ұлы мереке— Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мейрамдай отырып, колхозшылар тұысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметін ауыл шаруашылығының алдына қойылған міндеттерді ойдағыдай орындауға өздерінің дайын екендіктеріне тағы да сендіреді.

Д. БОЙКО,

Социалистік Еңбек Ері, УССР Жоғарғы Советінің депутаты, Хмельницкий облысы, Чемеровецк ауданы, Ленин орденді Ленин атындағы колхоздың председателі.

Жарқыраған оранып нұр шапағын.
Жібек желмен тербетілің желкемің
Кең айдынға жүздің менің Отаным,

Сіңділері апасының соңынан
Ынтымақпен бір тұтасып өрлейді.
Қаймықпайды олар ешбір дауылдан,
Одағыңды сенің ешкім жеңбейді.

Есіне ал сен: қараңғы түн қоршады,
Қара жердің қақыратып жан-жағын.
Сонда Богдан Хмельницкий жар салды
Жарқылдаған көкке сермен қанжарын.

Бай мен панга сен ашынып жол тарттың
Күңірентіп көгілдірлі тау, сайын
Адал сөзбен туысқандық тіл қатты
Ер жүректі шаруалары Польшаның.

Алып соғып, жерге жастап, қан қылдың
Майдандарда шляхтерді көптеген
Бірақ, сенің таразыда тағдырың
Көтерілді бір жоғары, бір төмен.

Бүкіл әскер бір арага жыйылды,
Богдан көкке көтерді көк каруды.
Қазақ Сечі шолды түннен қыйырды.
Бірге туған Москваны таныды.

Соңқанында қатерлі күн сағаты
Оттар жайып жатқанында өрмегін.
Бірге туған қандас халық қуаты
Ерді жауды талқандауға көмегін.

Жас мемлекет айналдың сен алыпка,
Ауыр күндер, қан майдандар қалды артта
Жүзесін сен еркін, жаңа даңыққа
Мызғымас, шат семьямен бір сапта.

Жаңа өмірдің үйрендің сен ғылымын
Жаңардың сен, туғандайсың қайта нақ.
Закарпаттық музыканың сазды үні
Түр далалық қобыз қылын қайталап.

Еске алып фашистік сұм түнекті,
Өтіп кеткен қаралы жыл шеңгелін,
Варшавага жұмысшысы Киевтің
Сәлем жолдап, білдіреді зор сенім.

Арман еткен бақыт күні туды елге,
Жолымызды қызыл жалау жайнатты.
Өйткені туыс Россия біздерге
Мәңгі өшпейтін берді жағып маяқты.

Біздің одақ, достар,—шексіз кең алып
Келер күннің теңізі ашық айнадай.
Жеңілмейді мәңгі біздің жазымыз
Украинаның жас гүлдері жағалай.

Жеңілмейді мәңгі біздің жазымыз
Даламызда толқып билай пісті енді
Ленинніңұлы өсиеттері
Сталиннің ұлан-байтақ істері.

Аударған С. МӘУЛЕНОВ.

Мызғымас бірлік

☆

Шараф РАШИДОВ,
Өзбек ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі.

☆

Соғыстың сұрапыл және қаһарлы кезеңінде, гитлершіл тобырлар Сталинградқа қыруға жанталасып ұмтылып жатқан кезде, Өзбекстанның ата- аналары майдандағы өз ұлдарына хат жазып, бұл хатта өздерінің жүрегінен шыққан жалынды сөздерін айтты.

Міне, сондықтан залым жау басып кірген орыстың, украинаның, белорустың үні үшін, кең байтақ совет жеріндегі әрбір үйдің бақыты үшін орыс және украин, белорус және қазақ ұлдарымен — барлық совет халықтарының өкілдерімен —қолұстасып, еркін Өзбекстанның ұлдары да жауға қарсы қаһармандықпен шайқасты.

Соғыс жылдары өтті, жауынгерлік еңбектің алдыңғы шебі шахталар мен забойларына, мартендерге, завод цехтарына, колхоздың егіс даласына, институт лабораторияларына ауысты. Совет адамдары өздерінің ұрыс майданындағы ерліктерін еңбектегі қаһармандық істерімен арттыра түсті.

Өзінің көп ұлтты Отанының қожасы— совет адамы даңқын арттырып, жаңа өнерәсіп орындарын қатарға қосты.

Еліміздің халықтарының достығы мызғымайтын берік достық! Бұл достықты шайқалта алатын күш дүние жүзінде жоқ.

Міне бүгін, жүрегіміз қуанышқа толып, Советтік Отанның барлық халықтары Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеп отырған кезде, көптеген жалынды сөздер айтқым келеді. Мұндай күнді біздің әрқайсымыз, і әрқашан да осындай салтанатты кезеңде болатыны сияқты, өзіміздің шексіз сүйіспеншілігімізбен берілгендігімізді білдіретін бірінші сөзімізді туысқан Коммунистік партияға арнаймыз, ол бізге сондай қымбат, ол халықпен біте қайнасқан, ол халыққа, оның игілігіне, оның жемісті еңбек етуіне тынбастан қамқорлық жасауды өзінің жоғары борышы деп санайды.

Мен бүгін өз сөзімді туған ағамыз орыс халқына арнаймын.

Менің туған ағам, сен әрқашан да Отанға айнымай берілгендігіңмен, өз праволарың үшін табандылықпен жүргізген күресіңмен, басқа ұлттардың праволарын [illegible] ерекше көзге түсектері арқылы жер шарының барлық түпкірлеріне таралды.

Сен өзіннің айқын ақыл, ойыңмен, табанды мінезіңмен біздер үшін данышпан дос және ақылшы болып келдің және әрқашан да бола бересің.

Мен бұл күні өзімнің украин бауырыма бас иіп сәлем беремін. Сен бұдан 300 жыл бұрын өз күшінді өзіннің батыл орыс бауырыңның күшімен біріктіріп, соның арқасында сен қуатты болдың. Ол менің халқымның экономикасы мен мәдениетін өркендетуге одан қалтқысыз көмек көрсетті.

Мен де белорустар мен қазақтарға, әзербайжандар мен грузиндерге, түріктер мен армяндарға —барлық туысқан халықтарға бас иіп сәлем беремін, бұлар өзбек халқына қандай қымбат және жақын болса, оларға өзбек халқы да сондай қымбат және жақын.

Біздің күшіміз —достықта, бірлікте!

Өнтүстіктің нұр сәулесі түрлендірген өзбек жерінде көзір қайнаған еңбек үстінде кенілді әндер шырқалуда. Фабрикалар мен заводтардың цехтарында, мақта егісі жайнап көктеген кең байтақ егіс даласында қуанышты еңбек қыза түсуде.

Республиканың еңбекшілері мақта шаруашылығын онан әрі өркендетудің аса зор программасын жаңқыярлық еңбекпен жүзеге асыруда. Быйылғы жылдың өзінде колхоздар мен совхоздар мақтаны өткен жылғыдан 120 мың гектар артық екті. Быйыл біз елімізге кемінде 3 миллион тонна шитті мақта беруге, таяудағы уақытта 600 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игеруге тиісміз.

Міне, бұл міндет ойдағыдай орындалады! Орталық Ферғананың тың жерлерінде, Қаршы даласының кең жазығында, Қара қалпақстанның құмды даласында, Зеравшан мен Хорезмнің алқаптарында — барлық жерде де су үшін, жаңа құнарды жерлерді игеру үшін күрес жүргізілуде. Өзбекстанның барлық халқы СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының қарарларын жүзеге асыру ісіне бұрын болып көрмеген жігермен кірісті.

Өзбекстанның халық шаруашылығы мен мәдениетін өркендету жолындағы күресімізде біз жалғыз емеспіз. Совет Одағының барлық халықтары —бізбен бірге, Коммунистік партия мен Совет Үкметі— бізбен бірге. Партия мен халықтың күш[illegible] —комму-

ЖАМБЫЛ

ТАРАС

(ҮЗІНДІ)

Украин елінің,
Украин ұлының
Мен есіттім жырлаған
Тарастайым бүлбүлын.
Днепрдің суындай,
Айдың көлдің қуындай
Жеткен менің жеріме,
Естіледі еліме
Тарас салған бүлбүл ун;
Байқап бір түрсаң жырына:
Үнінен оның зар шыққан,
Жас орнына көзінен
Жас аралас қан шыққан.
Ойға бір шомып ойласам,
Зарлатқан оны зар заман,
Қол аяғын кісендеп,
Байлатқан оны зар заман.
Өз елінен айрылып,
Қазақтың алыс қырына,
Маңғыстаудың бойына,
Айдатқан оны зар заман.
Сол бір зарлы заманда
Қу домбыра қолға алып,
Қу тілді безен толғанып,
Құлазыған далада
Тарастай мен де зарлағам,
Даусым оның даусымен
Қосылып сонда сарнаған.
Қағынан безген қуландай,
Тауынан безген бұландай,
Сол бір қытымыр заманда
Жүректе сұлте қалмаған.
О бір кезде, ақыным,
Сен де іздедің бостандық,
Мен де іздедім бостандық,
Халықта да, сенде де,
Халықпен бірге менде де
Еркіндіктің таңына
Құшті еді бізде құштарлық.
Князь, жендет патшаға
Тілінді мірдей қададың,
Ханға, биге, манапқа,
Патшаға, байға, санатқа
Сегіз қырлы жебедей
Мен де тілді қададым.
Қытымыр күнде тіресіп,
Біз де қарап жатпадық,
Хан, патшадан, князьдан,
Қорықпай, бұқпай, қарысып,
Біз де тілді тартпадық,
Бақыт үшін толғаған,
Жүрекке жырды сақтадық,
Сол көксеген бақытты
Көре алмай кеттің көзіңмен,
Дүниеден сен кетіп
Қалсаң да, таңға мен жетіп,
Халықпен күткен бақытты
Көрдім мен, міне, көзіммен
Сенің де жырын шырқалды

Сәбит МҰҚАНОВ.

Достық құшағында

Бүгінгі күндері, біздің Ұлы Отанымыз —Совет Одағында зор мереке өтіп жатыр, ол— Украинаның Россияға қайта қосылуына 300 жыл толу мерекесі.

Бұл мерекеге қуанбайтын советтік азамат жоқ, өйткені, Украинаның Россияға қайта қосылуының Совет Одағындағы барлық халықтар үшін де тарихи маңызы аса зор.

Совет Одағы революциядан бұрынғы Россия мемлекетінің негізінде құрылды. Ал, Россия тек ұлы орыс халқының ғана қолынан құралған мемлекет. Бұл мемлекет, кейін Россия қарамағына кірген елдердің бақытына құрылғанын, соңғы екіуш ғасырдағы тарихтың дамуы дәлелдеп берді. Шынында да, егер XV ғасырдан бастап, Россия топырағында орыстың күшті мемлекеті құрылмаса, көзіргі бақыт ошағы —Совет Одағына берік ірге де қаланбас еді.

Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін, аздаған тарихи шолулар жасайық. «Русь» деген сөздің қайдан шығуы туралы нақтылы бекітінді жоқ. Ол сөз жайлы айтылатын әр жорамалдың ішінде, менің көңіліме «Волганың ескі аты—«Ра» немесе «Рас» екен, осы әлкені ескі заманда жайлаған славян тұқымдас ел, жер атымен «Рас» немесе «Русь» аталған екен деген жорамал көбірек қонады.

Айсаның тууына байланысты дәуірдің алғашқы ғасырларында тарихта аты көріне бастаған Русь әр заманда, ұлылы-кішілі мемлекет боп келгенмен, тұтасқан ірі мемлекетке айналуы Иван III-нің тұсында ғана XIII-ғасырдан бастап Алтын Орда жаулап алған орыс жерін Иван II 1480 жылы біржола босатты да, Россияның тағдырын Москва мемлекеті қолына алып, жылдан жылға күшейе түсті. Сол күшеюдің арты, 1721 жылы, Петр I-нің кезінде Россия империясы жариялануға келіп жалғасты.

Күшейген Россия мемлекеті, басқа елдердің қанауында отырған туыстарын азат ету ісін де қолға ала бастайды. Бұл жөнінде оның бірінші рет қамқорлық көрсеткен туысы —украин халқы. Славян тұқымдас елдердің ішінде украиндықтар орыстың ең жақын туысы. Олар бір жерде туып, бір жерде өскен, «орыс» деген атқа ортақ. Киевтің мемлекет кезінде (X-XIII-ғасырлар) бір тудың астында жасаған, татарлардың шабыншылығына бірге ұшырап, күлдану азабын бірге көрген, татар құлдығынан құтылу күресіне бірге қатынасқан елдер.

Бірақ, ұлы орыс халқы XV ғасырдан бастап тәуелсіз күшті мемлекет боп кетке арналып жаңадан 7000 үй салынды. Жалғыз Киевтің өзінде 70 үй салынды (бұл арада айта кететін бір ғажап цифр —Романов тұқымы Россияда 300 жылдан артық патшалық құрғанда, Киев қаласына 12-ақ мектеп үйін салған, онда да украин тілінде оқыту үшін емес), 1897 жылы Украинада оқу жұмысына 100 мың сомдай ғана қаражат жұмсалса, 1932 жылы 2 миллиард 830 миллион сом жұмсалды, бұл 1897 жылдық қаражатынан 28 мың есе көп.

Революциядан бұрын бастауыш мектебі де жоқ Украинада көзір 158 жоғары дәрежелі оқу орны, 585 техникум бар, оларда 376 мың студент оқыйды.

Оқу- ғылым орындарының биік шыңы —Украина Ғылым академиясы 1919 жылы ғана құрылды. Оның қарауында 32 ғылми -зерттеу институты бар, оларда академияның 82 толық мүшесі, 88 мүше-кандидаты, 1300 қатардағы қызметкерлері еңбек атқарады. Академияның Киевтегі кітапханасында 4 миллион 673 мың том кітап бар. Украинаның көркем әдебиеті де өзге халықтардың әдебиетіндей екі жүйеге бөлінеді: бірі ауыз әдебиеті, екіншісі жазба әдебиеті. Бұл мақалада біз Украина әдебиетінің екі жүйесіне де ерекше тоқталмаймыз. Тек қана айтарымыз Украин ауыз әдебиеті, дүние жүзіндегі бұл жүйелі әдебиеттің ең байының қатарына қосылады. Украин жырлары да, қазақ жырлары сияқты, тек арнаулы әнмен айтылады. Хрестьян діні ерте сіңіп (X ғасыр) әсерін тигізгенмен, Украинада халықтың өз өмірінен туған ауыз әдебиеті аса бай. Оның жемісті бір бұтағы —жыл тәулігіндегі шаруашылық мезгілдеріне байланысты. Мысалы: «Коляда» атты жырлар қысқы күннің шуақ, жайлы болуына, «Волочельное» —көктемнің көрікті болуына, әсресе, егіннің шығымды болуына, «На Георгия» —көктем малының семіз және төлді болуына, «Купало» —егін орар кездегі күннің ашық болуына, «Петривок» —күзгі күннің жайлана батып, рахат дем алуына арналады. Халықтың «торқалы той, топырақты өліміне» айтылған ән мен жырлар да украин тілінде аса бай, әсресе қыз ұзату, келін түсіру, жастарға арналған өзге ойын-сауық өлендері де көп. Украин халқының бостандық күресі жолында тудырған «Дума» атты өлең-жырлары әлде неше жүйеге бөлінеді.

Ал Украинаның өз тіліндегі жазба әдебиеті XVIII ғасырдың екінші жартысынан басталады. Оның алғашқы күрделі өкілі —Иван Котляровский (1769— 1838). конорович Редько деген кісі әкеледі. Өткен ғасырдың 60 жылдарында көзіргі Алматы қаласының іргесі қаланып жатады. Крепостнойлық халден жаңада ғана жерсіз босаған Редько үй ішімен соған көшіп келеді.

Редько Воронежда алма бағының жұмыспысы екен. Көп жыл күтіп еңбек сіңірген бақтың бір жас шыбығын ол жасырады да, тамырын топырақ салған бөшкенің ішіне көміп, тыға жаткізеді.

Бірақ, ол шыбықтан алма ағашын өсіруге өзінде жағдай жоқ: жер алуға қаржысы жоқ, жерсіз ағаш өсе ме?

Редько амалсыздықтың салдарынан алманың жас шыбығын Алматыдағы генерал -губернатор Калпаковскийге сыйлайды. Ол кезде Зачинщиков дейтін, қызметтен босанған генерал бақшашылықпен шұғылданады екен, сонда бақта өсіріп күтетін өзі емес, жұмсаушылары және жалшылары.

Калпаковский Редькодан сыйға алған апорт шыбығын өсір деп Зачинщиковке береді, ол Редьконың өзін пайдаланады. Осы шыбықтан, Алматыдағы апорт алмаларының бағы өніп кетеді . . .

Бұл тарихи шындықты білетін адам. әрдайым апорт алмасы өсетін бақты көргенде, украин шаруасы Редьконың Алматы жеріне берген қымбат сыйын да еске түсіреді, бұдан достықтың символын көреді.

Украин халқы мен қазақ халқының жаппай араласуы өткен ғасырдың аяғынан басталады. Сол кезде үдеп кеткен шаруалар көтерілісінен қорыққан патша үкметі, бірталай шаруалар селендерін, олардың ішінде Украина селендерін қазақ даласына көшіреді. Олар көбінесе. Қазақстанның Солтүстік өлкелеріне (көзіргі Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Павлодар, Қостанай тағы басқалар) орналасады. Патша үкметі оларды жергілікті халықпен араздастырып ұстау саясатын жүргізгенмен, еңбекші халықтар өзара табысып, достасады, шаруашылық, мәдениеттік қарым- қатнас жасайды.

Сол кезден бастап қоныстас отырған қазақтың, орыстың және украиндықтардың тілінде «тамыр» деген сөз пайда болады. «Тамыр» өсімдікті азықтандыратын түпкі тарамдар, немесе жанды мақлұктың денесіне қан жүргізетін жолдар ғой. Негізі солардан шыға тура, жоғарыда аталған «тамыр»,— «дос», «достық» деген сөздердің мағанасында қолданылады.

Расында да солай: тамырлар бір-біріне қарасушылар, жәрдемдесушілер. Мысалы,

тіц, сен дүниеге жоғары идеалдар алып келдің, бұл идеалдар орыстың ұлы жазушылары мен ғалымдарының, орыс философтары мен революционерлерінің ең

БЕРІК ДОСТЫҚ

Қосқалы өз дағдырын Россияға
Үш ғасыр уақыт болды, Украина.
Қабыл ал, бұл жырымды туысқандық
Арнаған мерекеңе —бұл тойыма.

Киевті сүйіп сұлу Алматымдай,
Жеріңді бағалаймын жаннатымдай.
Ежелден сүйетінмін Тарас жырын —
Абай мен Пушкинді сүйсем қандай.

Ал, кеше фашизмдей дұшпан тиіп,
Жатқанда сұлу Киев отта күйіп, —
Бірі боп мен де көптің қорғасқанмын,
Бойыма кек пен ыза- ашу жыйып.

Көксе де дұшпан қанша зәрлі уын,
Көтеріп, жоғары ұстап жеңіс туын —
Сәулетті қорғағанбыз жерін жаудан,
Өзенін Днепрдей күміс суын. . .

Бір мақсат,
бір ниетте бірге болып,
Орыспен ұлы ынтымақ- бірлік құрып,
Шыңдалып өскен еліміз майданда да,
Жазбай жұп еңбекте де санта тұрып.

Бұзылмас достығымыз мәңгі берік,
Сол достық өмірімізге берген көрік.
Шат заман, сәулетті өмір, табысты
іске,
Алтын күн шұғыласын төксін тәгін.

Р. УӘЛИЕВ.

Украинаның 300 жылдығына арналған кинофестиваль

Облыстық кинофикация бөлімі соңғы кезде жұртшылыққа кино көрсету жұмысын едәуір жақсарта түсті. Әсресе, тың және тыңайған жерлерде, жаңа совхоздар ұйымдастырылып жатқан аудандарда еңбекшілерді киномен қамту жөнінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Булаев ауданына үгіт машинасы жіберілін ол кинофильмдермен және көркем шығармалар, ауыл шаруашылығы туралы және саяси кітаптармен жабдықталған.

Украин халқының ұлы орыс халқымен қосылуының 300 жылдық мерекесіне арналып, егіс бригадаларына бірнеше картиналар жөнелтілді. Мамлют, Совет, Октябрь аудандарында «Богдан Хмельницкий», «Тарас Шевченко», «Бүргенді тоғай» Украина өміріне арналған тағы басқа фильмдер көрсетілуде.

«Октябрь» кинотеатрында Украинаның Россиямен қайта қосылуы мерекесіне арналып кинофестиваль өткізіледі. Онда украин халқының тарихын, ерлік еңбектерін бейнелейтін картиналар көрсетілмек.

К. ӘМІРЖАНОВ.

низмнің сәулетті сарайын орнатуда совет халқының жаңа, бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңістерге жетуінің кепілі.

Ташкент.

Өлсендағы алыстан.
Менің де жырым шырқалды
Тоғысып елмен табысқан.

Партияның шақыруы бойынша Булаев МТС-не тың және тыңайған жерлерді игеруге москвалық Виктор Давыдкин мен украиндық Яков Герасименко келген-ді.

Жергілікті жерлердегі механизаторлар мен егіншілер оларды жылы жүзбен қарсы алып, олардың оқуына және еңбек даласында табысты жұмыс істеуі не көмектесуде.

Бүкілхалықтық мереке—Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы қарсаңында олар жергілікті механизаторлармен тығыз ынтымақтаса отырып, колхоздың егіс даласында зор табысқа ие болды.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) тракторшы- қазақ Әнуәр **Сәрсенбаев**, тіркеушілер — украиндық Яков **Герасименко** мен москвалық Виктор **Давыдкин** демалыс кезінде серуендеп жүр. Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

рынан XVII- ғасырдың ортасына дейін Украина тәуелсіздік халпе жете алмады, оны бір жағынан Қырым хандығы, екінші жағынан шляхталық Польша құлдықта ұстады. Құлдыққа қарсы бас көтерген Украина халқы, ағасы орыс халқына арқа сүйемей азаттыққа жете алмайтынын түсінді, сондықтан Богдан Хмельницкийдің бастауымен, Днепрдің бергі бетіндегі Украина, 1654 жылы Россияға қосылды, арғы беті уақытша жау елдердің қолында қалып қойды, бірақ, ұзаққа қалмады, келер ғасырдың аяғына дейін Карпат сыртындағыдан басқа Украинаны Россия мемлекеті үйіріне қосты. Карпат сыртындағы Украина, Совет Одағындағы туыстарына қосылу арманына тек 1939 жылы ғана жетті. Сөйтіп, советтік дәуірде ғана Украина түгелімен бір мемлекетке жыйналып, тұтасқан ел болды.

Туысы ұлы орыс халқының достық құшағына кірмегенде, Украин халқы мұндай бахытқа ешуақытта да жетпеген болар еді. Кәзір Украина экономикалық жағынан да, мәдениет жағынан да дүние жүзіндегі ең күшті мемлекеттің бірі, оған дәлел —Біріккен Ұлттар Ұйымында толық праволы мүше болуы.

Экономикалық жағынан алғанда, Совет Одағының ең зор көмір ошағы —Донбасс Украинада. Бірінші бесжылдықтың зор құрылысының бірі— Днепроэлектр станциясы Украинада. Колхоз, совхоздарды механика күшімен қамтамасыз ететін трактор заводының бірі Харьковта. Астық шаруашылығы мен мал шаруашылығына Украина Совет Одағының негізгі қоры аталатын жердің бірі. Сондықтан да, мысалы, 1954 жылдың бюджетінен Украина Совет Одағында екінші орын алады. Оның сыбағасына тиген быйылғы жылдың кірісі 22 миллиард 988 миллион 180 мың сом.

Украин халқының ұлттық мәдениеті тек советтік дәуірде ғана кең өріске шығып, тарихында болмаған қарқынмен ілгері дамыды.

Мысалы оқу жұмысын алайық. Ұлттық мәдениеті (әдебиет, музыка) ертеден бастала отыра, советтік дәуірге дейін Украина на ұлт мектебі болмаған. Патша үкметі украинада ұлт мектебі болмаған. Патша украин тілінде мектеп ашу түгіл 1863 жылы бірінші рет, 1876 жылы екінші рет украин тілінде ешбір баспасөз болмауға, ешбір мекемеде және мектепте украин тілін қолданбауға арнаулы қаулы шығарған. Тек 1905 жылы революцияның дүмпуімен ашылған аздаған ұлт мектептері мен (бастауыш ғана) ұлттық баспасөзі болмаса, Украина мәдениеті Октябрь революциясына дейін еңсесін еркін көтере алмаған.

Енді, советтік дәуірде ше? 1917—1940 жылдардың арасында Украинада мектепбиетін ұлттық шыңына жеткізген —оның атақты ақыны Тарас Шевченко (1814—1861).

Шевченкодан басталған Украинаның шын мағнасындағы халықтық революцияшыл әдебиеті арқауын жіңішкертпей, жуандата түсіп, қуатты совет әдебиетіне келіп тұтасады. Украин совет әдебиетінің көрнекті өкілдері Тычина, Рыльский, Бажан, Корнейчук, Панч, Смолич, Забила, Гончар, Собко тағы басқалар Украинаның ғана емес, бүкіл совет әдебиетінің мақтанышына жатады.

Бұлай өркендеу советтік дәуірде украин халқының ғана сыбағасына тиген жетістік емес. Ұлы Отанымыздағы барлық ұлттардың да сыбағасына тиген жетістік. Мысалға қазақ халқын алсақ, оның қазіргі саяси, экономикалық және мәдениеттік өсуі революциядан бұрынғы халымен салыстырғанда жер мен көктей. Оның бәрін санауға бұл мақалада орын жоқ. Сондықтан, қысқаша түрде болса да Украина халқы мен қазақ халқының достық қарым- қатнасына тоқтайық.

Әртіңгі заманда, қазақтың кейбір руалары Кара теңіз бен Каспий жағасына да көшіп барып жүрген кезде, украин халқымен қарым- қатнасы болмауы мүмкін емес. Бірақ, екі елдің ол кездегі достық байланысын дәлелдейтін материалды біз әлі тапқан жоқпыз. Мұндай байланыстың алғашқы түйіні, украин әдебиетінің классигі, революцияшыл жазушы Тарас Григорьевич Шевченкодан басталады. Революциялық істері үшін патша үкметі жер аударған ол, өткен ғасырдың қырқыншы жылдарында Каспий мен Арал теңізінің Қазақстандық жағасында тұрады. Оның қаламынан туған тамаша өлеңдер мен жырлардың тең жартысы осы теңіздердің жағасында жазылады.

Каспийдің Шевченко тұрған жағасында бұрын «Александр» аталған, кәзір «Шевченко» аталатын форт (бекінісі) бар. Осы форттағы қаланың ортасында қалың және көрнекті боп өскен кең бақша бар. Бақшаның алғашқы шыбықтарын қолынан қалап өсірген адам Шевченко деседі. Оған жәрдемші болған Тәжі дейтін кісінің Саталғұл деген баласы, кәзір жетпістен асқан қарт. Ол бақшаның да, бақшада ашылған Шевченко атындағы музейдің де меңгерушісі. Бақшада өскен әртүрлі ағаштар, Совет Одағындағы халықтар достығының символына ұқсап тұрады.

Екінші бір символ мынау: Алматыда апорт атты тамаша алма өседі. Бұл көркемдігі жағынан да, үлкендігі жағынан да, тәттілігі жағынан да дүние жүзіне әйгілі алма. Әдетте апортты Алматының өз жерінде ғана өнген деп ойлайды. Расында, оны Алматыға бұрынғы Воронеж губернасынан украин шаруасы Егор Ни-

өзінде-ақ орыс [illegible] кедейлеріне егінді ету, жыю маусымында көлік күшін берген де, ақысына күздігүні астық алған. Осы «тамырлықтың» арты, колхоз құрылысына жалғасып, кәзір аталған ұлттардың еңбекші шаруалары көп жерде бір колхозда ұйымдасып отыр.

Одақтағы туысқан өзге халықтармен қатар, украин халқы мен қазақ халқының советтік дәуірде жасап отырған экономикалық, мәдениеттік байланыстарын толық сипаттауға көп орын керек болар еді. Ондай орын бұл мақалада жоқтықтан, Украина әдебиетінің қазақ әдебиетімен байланысы туралы аз сөз айтайық. 1938 жылы, Жамбыл қарттың ақындық еңбегіне жетпіс бес жыл толуға байланысты Алматы қаласында мереке жасалды. Сонда, өзге қонақтармен қатар, Украинаның атақты жазушылары Микола Бажан, Павло Тычина, Масенко және Десняк келді. Сол сапарда Қазақстаннан алған әсерлері туралы олар өлеңдер, очерктер жазды, Десняк «Торғай сұнқары» атты ұзақ повесть жазып, Аманкелді Имановтың ерлік істерін сипаттады.

Сол жылы украин әдебиетінің класситі Шевченконың тууына 125 жыл толуына байланысты, қазақтың бірнеше көрнекті ақындары аударған оның өлең, поэмалары қалың кітап боп шықты. Украин драматургтары Корнейчуктің, Собконың және Галанның бірнеше пьесалары қазақ тіліне аударылып, қазақ сахналарында қойылды. Украинаның Россияға қайта қосылуына байланысты қазақ ақын, жазушыларының қаламынан туған өлеңдер, очерктер, әңгімелер жеке кітап боп шықты.

Мұның бәрі тек біздің советтік дәуірде ғана болатын игілікті іс. Жалғыз украин мен қазақ халықтары ғана емес, мұндай достық қарым- қатынастар, Совет Одағындағы барлық халықтардың да салтына сіңіп болды. Кәзір Совет Одағында социалистік құрылыстың барлық жүйесіндегі жетістікті өз жетістігім деп ойлаймайтын адам жоқ, өйткені, ол жетістіктің жемісі бүкіл Совет адамдарына ортақ. Өндеше, Совет Одағының қай жерінде, қандай жетістікке арналған мереке болса да барлық совет адамына ортақ мереке, олай болса ол мереке, совет адамының бәріне ортақ қуаныш.

Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жыл толу мерекесінің қуанышына совет адамдары осылай қарайды. Өйткені, олардың бәрі бір достық құшақта бақытты тіршілік жасайды, ол құшақ —Советтік Отанның тәрбиешісі және жолбасшысы, Коммунистік партияның құшағы.

ЖАЗҒЫ ЕМТИХАН ЖӘНЕ СЫН

Ұйымшылдықтың нәтижесі

М. И. Калинин атындағы № 5 қазақ орта мектебі емтиханға үлгілі әзірлікпен келген қаладағы мектептердің бірі. Мектеп коллективі бұрнағы күні, емтиханның алғашқы күнін зор ұйымшылдықпен бастады.

Бұл күні мектептің X класс оқушылары қазақ тілі және әдебиетінен шығарма жазды. Емтиханға айдағыдай дайындалудың нәтижесінде мектепті бітірушілер алғашқы емтиханды жақсы өткізді. Өзгесе, «Совет әдебиеті жер жүзіндегі ең озат, ең идеялы, революцияшыл әдебиет» деген тақырыпта шығарма жазған X класс оқушысы Өнуар Сүлейменовтың емтихан жұмысы терең мазмұнды шыққан. Ол көркем тілмен совет әдебиетінің дүние жүзіндегі ең озат әдебиет екендігін, сол сыяқты, совет әдебиеті халық мүддесі үшін қызмет етіп, дүние жүзінде баянды бейбітшілік орнату жолындағы алдыңғы қатарлы прогрессшілдердің күресіне өзінің келелі үлес қосып отырғандығын толық етіп жазып шықты.

X класстың оқу озаттары Еркін Оспанов пен Мерзиат Дүйсеновтың жазған шығармалары да мазмұнды шыққан.

IX класс оқушылары алғашқы емтиханды алгебра сабағынан жазбаша түрде тапсырды. Бұл кластың оқушылары математика пәнінің оқытушысы Р. Әмірханов жолдастың басшылығымен бұл емтиханға айдағыдай дайындалған болатын. Алғашқы емтиханның нәтижесінде бұл кластың оқушылары зор табысқа ие болды. Оқушылар С. Ысқақов, С. Мусин, С. Сауытбаев алгебра пәнінің жазбаша емтиханынан «4» және «5» деген бағаға ие болды.

Бұл мектептің IV класын быйылғы жылы 31 оқушы бітіріп шығады. Жас буындар бұрнағы күні өз өмірлерінде алғаш рет емтихан тапсырды. Емтиханға айдағыдай дайындалудың арқасында олар орыс тілі пәнінен диктантты жақсы жазып шықты. Емтихан қорытындысында нашар баға алған оқушы болған жоқ.

Мектептің оқушы және оқытушылар коллективі емтиханды ұйымшылдықпен өткізіп, оны ойдағыдай аяқтауға өздерінің білімдері мен күш-жігерлерін аямай жұмсауда.

* * *

Қаладағы № 8 ер балалар орта мектебінің коллективі де емтиханға зор дайындықпен келген-ді. Бұл мектепте быйылғы жылы 400 ден астам оқушы емтихан тапсырады.

Емтиханның алғашқы күні Бакулина жолдас жетекші болып істейтін IV класс оқушылары және Голанд жолдас жетекші болып істейтін VII «б» класының оқушылары зор табысқа ие болды. Бұл кластар оқу жылы бойында мектеп көлемінде оқушылардың оқу үлгеруі жағынан бірінші орынды алып келген болатын.

Алғашқы емтихан мектептің VI «а» класында да ұйымшылдықпен бастады. Бұл класта емтихан тапсырған 20 оқушының бірде-бірі нашар баға алған жоқ. Емтиханда мектеп оқушылары Александр Пойманов, Михаил Иванищев, Владимир Резанов, Александр Келихов жақсы көрсеткіштерге ие болды.

Совет ауданындағы Смирнов орта мектебінде де кластан-класқа көшіру және мектеп бітіру емтихандары мен сынақтар ойдағыдай өтуде.

Бұл мектептің X класында кәмәлеттік аттестат алу үшін быйылғы жылы 186 оқушы мемлекеттік емтихан тапсыруда. Олар алғашқы емтиханды жақсы дайындықпен тапсырып, елеулі табысқа ие болды. Оқушылардың басым көпшілігінің алғашқы емтихан қорытындысындағы бағалары «4» және «5».

Алғашқы емтихан осы мектептің IX класында да табысты өтті. Бұл кластарда алгебра сабағынан жазбаша емтихан тапсырған 236 оқушының басым көпшілігі жақсы бағаларға ие болды.

Емтихандар ауданның басқа мектептерінде де ойдағыдай өтуде. Ауданның барлық бастауыш мектептерінің IV кластарының 467 оқушысы орыс тілі сабағынан диктант жазу жұмысын жақсы аяқтады.

Жетіжылдық мектепте

Қаладағы № 1 жетіжылдық мектептің төменгі класс оқушылары үшін бұрнағы күн зор қуаныш болды.

Оқу жылын ойдағыдай аяқтап, келесі класқа көшкен жас бөбектерді құттықтауға қаладағы А. И. Микоян атындағы ет комбинатының коллективінің өкілдері келді. Комбинат партия ұйымының секретары И. Филимонов, комсомол комитетінің секретары М. Ерхова және комбинат кәсіподақ комитетінің председателі Г. Прицкер жолдастар жас бөбектерді оқу жылының аяқталғанымен құттықтады.

Мектеп директоры Александра Петровна Горинова жолдас оқушыларды оқу жылының аяқталғанымен құттықтап, оқу озаттарына мақтау грамоталарын тапсырды. Мұнан кейін қоңырау даусы естілді. Бұл оқу жылының ең ақырғы сабағы аяқталды деген сөз.

Екінші кластың оқу озаты Тамара Счастнаяның бүгінгі қуанышы ұшан-теңіз. Ол бүгін екінші класты барлық сабақтан «5» деген бағамен бітіріп, үшінші класқа көшті. Тамараның әке-шешесі қызының оқу жылын ойдағыдай аяқтағаны үшін оған велосипед сыйлады.

Бұл мектептің IV-ші және V-ші класс оқушылары өздерінің алғашқы емтихандарын ойдағыдай аяқтады. Емтиханға жіберілген 150 дей оқушының 112-сі емтиханды «4» және «5» деген бағаға тапсырды.

А. САДУАҚАСОВ.

ОЙДАҒЫДАЙ ТАПСЫРДЫ

БУЛАЕВО. (Телефон арқылы алынды). Булаев онжылдық мектебінің оқушы және 86 оқушы да бұрнағы күні орыс тілінен мазмұндама жазды. Емтихан қорытынды-

ПОЛУДЕНЬ АУДАНЫНДА

Жаңа құрылыстар

«Путь Ильича» ауылшаруашылық артелінің мүшелері быйылғы жылы 100 бас жылқы тұратын және 500 малдық қой қораларын салмақ. Сол сыяқты, шошқа үшін де қора салуды жоспарлап отыр.

Артель басқармасы бұл үшін құрылыс бригадасын құрды. Кәзір бригада қоғамдық малға қора салу жұмысына кірісті. Құрылыстар үшін 400 текшеметр қарағай, тақтай, тағы басқа қажетті құрылыс материалдары әкелінді.

Жастар инициативасы

Ауданның егін даласында 2 комсомол- жастар трактор бригадасы жұмыс істейді. Аудан орталығында комсомол ұйымдары бұл бригада үшін кітапхана ұйымдастырды. Орта мектеп, мемлекеттік банк және басқа мекемелердің комсомол ұйымдары механизаторлар үшін 300-ден астам кітап жыйнап, оны жас механизаторлар бригадаларына жіберді.

Радио торабы көбеюде

Аудан колхоздарында радио тораптары көбеюде. Кәзір ауданның 15 колхозында радио тораптары бар.

Быйылғы жылы ауданның барлық колхоздарын радиоландыру жұмысы жүзеге асырылмақ. Бұл жөнінде белгіленген шаралардың өзі кәзірден бастап қолға алынды. Мәселен, бұрын радио торабы жоқ «Парижская Коммуна» колхозында жаңа радио торабы орнатылды.

Механизаторлар үшін жаңа вагон

Тельман атындағы ауылшаруашылық артелінің ағаш шеберлері мен ұсталары механизаторлар үшін 2 жаңа вагонша жасап шығарды. Вагонша механизаторлар үшін қолайлы жабдықталған. Вагонша ішінде ас пісіретін, дем алатын бөлмелер бар. Вагоншаға 30 адам сыяды. Онда рация және радио қабылдағыш орнатылған.

Жаңа техникалар

Полудень МТС-нің қамтуындағы колхоздар быйыл жоспар бойынша өткен жылғыдан әлде қайда көп мөлшерде шөп шабуға тиіс. Осыған байланысты мемлекет быйыл МТС-ке жаңа техникалар берді. Кәзірдің өзінде МТС өздігінен жүретін 8 машина, 19 шөп маялағыш, трактормен сүйрейтін 25 тырнауыш және 4 шөп жыйнағыш алды. Кәзір бұл техниканы жүргізетін мамандар даярлануда.

Польша үкметінің АҚШ үкметіне нотасы

ВАРШАВА, 17 май. (СОТА). 15 майда Поляк Халық Республикасының сыртқы істер министрлігі Құрама Штаттардың Варшавадағы елшілігіне нота жолдады, онда былай делінген:

«13 майда Пекин уақыты бойынша 15 сағат 28 минутта, американ самолеттері ашық теңіз үстінде алдын ала тору жасағаннан кейін, солтүстік ендіктің 28 градус 24 минуты және шығыс бойлықтың 128 градус 27 минуты ауданында чанкайшилік канонерка Польшаның «Готвальд» сауда кемесіне оқ атып, оны тоқтатты. Чанкайшиліктер кемені басып алып, өзімен ертіп кеткен. Кеменің және оның командасының онан арғы тағдыры кәзіргі уақытта белгісіз.

Польша кемесіне ашық теңізде мұндай тағылыкпен шабуыл жасап, күшпен басып алу кеме жүзу еріктілігі мен халықаралық правоның жалпы жұрт таныған нормаларын көріне көзге бұзушылық болып табылады.

Польша Халық Республикасының үкметі «Готвальд» кемесіне шабуыл жасап, оны басып алудың осы ауданда поляк жалауына жасалған зорлықтың екінші фактісі болып табылатынын ескертеді.

Жарты жылдай бұрын осындай жағдайларда Польшаның «Праца» кемесі заңсыз ұсталған болатын, ол кәзір командасы мен бірге Тайванда тұр.

Польша үкметінің «Праца» кемесінің ұсталуы жөніндегі 1953 жылғы 12 октябрьдегі және 20 октябрьдегі ноталарында көрсетілгеніндей, Чан Кай-ши тобының тағылық әрекеттері үшін Құрама Штаттардың үкметі жауапты екеніне күмән жоқ, өйткені Құрама Штаттардың қарулы күштері осы шабуыл жасалған ауданда бақылау жасайды. Тайвань аралын заңсыз басып алып және Чан Кай-шидің талқандаған тобын демеп, АҚШ бұл топты Қыйыр Шығыстағы шиеленісті сақтау үшін пайдалануда.

«Праца» кемесімен болған сыяқты, «Готвальд» кемесіне шабуыл жасалардан аз ғана бұрын оның үстінен американ самолеттерінің ұшып өту фактісі американ өкмет орындарының шабуыл жасауға айдап салып қана қоймай, сонымен бірге АҚШ қарулы күштерінің бұл шабуылға тікелей қатысқанын көрсетеді.

Поляк кемесіне, сол сыяқты, басқа елдердің кемелеріне қыйыршығыстық сулар да шабуыл жасаудың жағдайлары бұл актілердің кеме қатынасын бұзуға және халықаралық сауда қатынастарын, әсресе Азия елдері мен басқа континенттердің елдері арасындағы қатынастарды бұзуға бағытталған гангстерліктің ерекше системасына айналғандығын көрсетеді. Мұнымен бірге, бұл актілердің халықаралық шиеленістің бәсендеуіне жол бермеу мақсатымен саяси арандатушылық сыйпаты бар екендігі күмәнсіз.

Құрама Штаттардың бұйрығы бойынша чанкайшилік топтың Қыйыр Шығыста жаңа арандатушылық әрекет жасау фактісінің Женева кеңесі кезеңінде ерекше маңызы бар.

Американ өкмет орындарының және оның бағынышты топтарының мұндай әрекеттері АҚШ-тың Қыйыр Шығыстағы агрессиялық саясатының, Азия халықтарына қарсы және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке қарсы бағытталған саясаттың тағы бір дәлелі болып саналады.

Поляк Халық Республикасының үкметі Поляк жалауының праволарын өрескел бұзушылыққа қарсы және поляк кемесіне жасалған озбырлыққа қарсы үзілді-кесілді наразылық білдіреді. Поляк Халық Республикасының үкметі ұсталған поляк кемелерінің, олардың командалары мен жүктерінің дереу босатылуы туралы тиісті нұсқаулар беруді Құрама Штаттардың Үкметінен талап етеді.

Поляк Халық Республикасының үкметі бұл фактілер үшін Құрама Штаттар үкметі тікелей жауапты деп есептейді және кінәлі адамдарды жазалауды талап етеді.

Мұнымен бірге, Поляк Халық Республикасының үкметі жоғарыда аталған фактілерге байланысты болған және болуы мүмкін шығындарды есептеуге правосы бар деп санайды».

„Біріккен Ұлттар достары ассоциациясының бүкіл дүниежүзілік федерациясы“ атқару комитетінің Женева кеңесінің председателіне ҮНДЕУІ

ЖЕНЕВА, 19 май. (СОТА). Кеше «Біріккен Ұлттар достары ассоциациясының бүкіл дүниежүзілік федерациясының» атқару комитеті Женева кеңесі председательдерінің бірі Ван Вайтхаяконға жауап да осы ұйымның атқару комитетінің сессиясында бірауыздан қабылданған үндеуді тапсырды.

Үндеуде былай делінген: «Біріккен Ұлттар достары ассоциациясының бүкіл дүниежүзілік федерациясының» атқару комитеті «Федерацияның өкілдігі бар елдердің барлық халықтарының жалынды тілегін білдіре отырып, халықаралық жағдайдағы шиеленісті бәсендетуге бағытталған [illegible] деген нағыз шын ниеттегі тілектерін білдіреді». Үндеу барлық мүдделі мемлекеттерді «Азияның барлық халықтарының өз тағдырларын өздері билеу правосымен пайдалануына» жетуге ұмтылуға шақырады. Үндеу Біріккен Ұлттардың құрамына барлық тәуелсіз азиялық мемлекеттерді қабылдау жолымен «Азияда Біріккен Ұлттардың ролін күшейтуге» шақырады; мұнымен бірге, үндеу Қытай Халық Республикасының үкметін БҰҰ-дағы Қытайдың өкілі болуын қамтамасыз етуге, өкмет билігі механизмін барлық мемлекеттерді «агрессиядан және олардың ішкі істеріне сырттан қол сұғушылықтан» [illegible]

АМЕРИКАНЫҢ ҚЫЙЫР ШЫҒЫСТАҒЫ АГРЕССИЯШЫЛ ЖОСПАРЛАРЫНА ҚАРСЫ

ПЕКИН, 20 май. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды: Манилидан алынған хабарға қарағанда, 13 майда Филиппин сенаторы Кларо Ректо баспасөз өкілдеріне жасаған мәлімдемесінде филиппин әскерінің Филиппиннен тысқары жерде Азия халықтарына қарсы күрес үшін пайдалануына қарсы пікір айтқан.

Кларо Ректо өзінің бұл мәлімдемесін Филиппин үкметінің май айының екінші жартысында Филиппинге келетін АҚШ-тың қорғаныс министрі Вильсонмен АҚШ пен Филиппин арасында өзара қорғану туралы деп аталатын договорды жүзеге асыру жөніндегі келіссөзді жүргізуге дайын отырғандығына байланысты жасаған.

АНГЛИЯДА ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ЕРЕУІЛІ

ЛОНДОН, 20 май, (СОТА). Англияның ірі темір жол тораптарында, соның ішінде Лондонда Кардиффеде және Бристольде 4 күннен бері машинашылар мен кочегарлардың ереуілі болып жатыр. Ереуілшілер жұырда темір жолдарда енгізілген, теміржолшылардың жұмыс жағдайын нашарлатуға соқтыратын жаңа ережені өзгертуді талап етуде.

Теміржолшылардың ереуілі нәтижесінде Лондон мен Англияның батыс аудандары арасындағы байланыс толық үзілген. Англияның ірі өндіріс орталығы Бристоль 20 майда Англияның басқа аудандарымен тек бір ғана темір жол линиясымен байланыс жасаған.

Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, ереуіл «күшейе» түскен және бұрынғыдан гөрі өршу хаупі бар.

Ереуілшілер, кәсіподақ басшылығының қолдамай отырғанына қарамастан, темір жол әкімшілік орнының еңбек жағдайын нашарлататын жаңа ережені өзгертуіне жетісуге берік бел байлаған.

———000———

„Қазақстанның ауыл шаруашылығы“ журналының 5-номері

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің органы —«Қазақстанның ауыл шаруашылығы» атты айына бір рет шығып тұратын ғылыми-өндірістік журналдың 5-номері баспадан шықты.

Номер «Қоғамдық мал шаруашылығына берік жемшөп қоры жасалсын» деген басмақаламен ашылады.

«Жаңа жерлерді игеру» деген бөлімде А. Попадьконың «Астық өндірісін арттырудың қуатты резерві», В. Чигадаевтың, Ф. Ивановтың «Мағжан МТС-і жаңа жерлерді игеруді қалай ұйымдастырды», И. Тягушевтің «Ақмола облысында қатты бидайды тың жерге егу», Я. Дубовиктің «Қостанай облысының солтүстігіндегі тың жерлерде бидай өсудің агротехникасы» және Н. Георгиевтің «Механизатор кадрларын даярлау училищесі» деген мақалалары жарияланған.

Номерде М. Ерлепесовтың «Молотов атындағы көп салалы колхоз», И. Кәмыниннің, А. Байғаниннің «Шопандар бар-[illegible]

оқытушылар коллективі емтиханды зор ұйымшылдықпен бастады. Бұрнағы күні мұнда IV-V-IX- және X класс оқушылары өздерінің алғашқы емтихандарын тапсырды.

Емтихан тапсыруда Мария Федорова жолдас басқаратын IV класс оқушылары зор табысқа ие болды. Бұл класта оқыйтын 26 оқушының 20-сы орыс тілінен жазбаша емтиханды тек «4» және «5» деген бағаға тапсырды.

Осы мектептің V класында оқыйтын сында 44 оқушы «5» деген бағаға ие болды. Оқу озаттары Галина Гроза, Валя Кузьминская, Юрий Никитин, Рая Гавриловаиың жазбаша жұмыстары жоғары бағаланды.

IX класс оқушылары да емтиханға зор дайындықпен келген еді. Олар алгебра сабағынан жазбаша жұмыс тапсырып, өздерінің алғашқы емтиханын табыспен аяқтады. Бұл класта 11 оқушының жазбаша жұмысы өте жақсы деген бағамен бағаланды.

Алғашқы емтиханның қорытындысы

Қаладағы № 3 жетіжылдық мектептің V класс оқушылары өздерінің алғашқы емтихандарын зор табыспен аяқтады. Олар бұл емтиханда жазушы А. Фадеевтің «Жас гвардия» романынан «Жазды күнгі бақшада» атты тақырыппен диктант жазған болатын.

Емтихан тапсырған оқушылардың басым көпшілігі «4» және «5» деген баға алды. Олардың ішінде оқу озаттары Равиль Мухамеджанов, Таня Архипова, Люда Коржикова, Марина Рустемова және басқалары бар. Бұл класта бірде-бір оқушы екілік баға алған жоқ.

Г. КӨРПЕШОВА.

Жылжымалы астық тазалағыш

Полудень машина-трактор станциясының механиктері мотор күшімен жүретін жылжымалы астық тазалайтын веялканың конструкциясын жасап шығарды. Кәзір бұл веялка конструкциясын комиссия мақұлдады.

Жылжымалы астық тазалайтын веялканың алдыңғы жақ үстінде мотор орналастырылуға тиіс. Соның күшімен ол өз механизмдерін қыймылға келтіріп, әрі жылжып отырады. Сөйтіп, жаюлы жатқан астықты өзі жүріп тазалай береді. Жаңа веялка сағатына 5 тонна астық тазартуға лайықталған.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(өз тілшіміз).

Азия мәселелері жөнінде Женева кеңесінің шақырылуын құттықтайды және кеңесте оның жұмысы табыспен аяқталсын

Француз социалистік партиясының ішіндегі қайшылықтар

ПАРИЖ, 18 май. (СОТА). Француз социалистік партиясының алдағы төтенше съезіне әзірленуге байланысты, кәзіргі уақытта бұл партияның департаменттік съездері өткізіліп, осы съездерде «Европалық қорғаныс бірлестігіне» («Европалық армияға») көзқарас туралы мәселе талқылануда.

Баспасөздің хабарына қарағанда, социалистік партияның Луаре департаментіндегі федерациясы «европалық армия» құруға қарсы пікір айтқан. Ол Париж договорын бекіту туралы мәселені дауысқа қойған кезде социалист-депутаттардың еркін болуын және ұлттық жыйналыста бұл мәселе жөнінде болатын айтыстардың кейінге қалдырылуын талап еткен.

Ал, екінші жағынан, Буш-Дю-Рон және Эндр департаментерінің федерациялары көпшілік дауыспен Париж договорын бекітуді жақтаған.

Бұл фактілер социалистік партияның ішінде шиеленіскен күрес болып отырғанын және партияның алдағы 29-30 майда болатын төтенше съезінде «европалық армияны» қолдап сөз сөйлейтін социалист басшылардың көптеген қыйыншылықтарға кездесуіне тура келетінін көрсетеді.

барлық елдерінің экономикалық және әлеуметтік өркендеуіне, сол сыяқты, ынтымақтасуына» көмектесуге шақырады.

мақалалары басылған.

«Картоп және овощтар» деген бөлімде Алматы аудандық партия комитетінің секретары Е. Әбішовтың «Картоп және овощ өндірісін арттыру жөніндегі біздің резервтеріміз», Р. Ғалымовтың «Түрксибтің № 5 совхозындағы овощ шаруашылығы», В. Черновтың «Жамбыл облысының тау жиектеріндегі суарылмайтын жерлеріне картоп егу» деген мақалалары орналастырылған.

Номерде, сол сыяқты, Г. Лазурдың «Жаңа шөп маялағыштар», И. Щербаковтың «Авиация ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру күресінде», С. Кавецкийдің, Ф. Шкаликовтың «Ағын сулар жайылымдықтарға толық пайдаланылсын», С. Шапироның «Орталық Қазақстанның жер астындағы сулары ауыл шаруашылығының қажетіне пайдаланылсын», В. Коровиннің «Арнамен ағатын сулардың биіктігін өлшейтін құралды орнату» деген мақалалары, «Журнал беттері бойынша» оқушылар хаттары басылған.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Патриоттар семьясы

Тақтадай жазық кең далада жедел жүрісті екі трактор көрінеді. Олардың соңына тіркелген көп түренді плугтер даланың шымын терең аударып, бетегелі өлкеге алғаш тартылған қара топрақты боразданың көлемін барған сайын кеңейтіп барады. Айдын даланың сан жыл бойы түрен тимеген қабатын қопарып, талайдан бергі тыныш өлкені мотор күрілімен толтыра, онда еңбек үнін алғаш естірткен бұл екі тракторды жүргізушілердің өз мамандықтарын шебер меңгерген механизаторлар екендігі айтпай- ақ аңғарылғандай. Тракторшылардың бірі орта жасты, толық денелі адам, ал екіншісі бала жүзді, нәзік денелі жас.

— Міне байлық қайда жатыр, — деп ойлады москал тракторшы айналасындағы ұшы -қыйырына көз жетпес кең далаға көз жібере, —енді аз уақыттан кейін мұнда алтын астық жайқалатын болады. Трактордың жүріс жылдамдығын арттыра түсіп, алақанымен мандайындағы терін бір сүрткен оның назарын өзінен озып бара жатқан екінші трактор бөліп жіберді.

— Тася, Тася, —деп айғайлады тракторшы агрегат жүрісін байыпшен бақылап отырған тіркеуші әйелге, —Коляны көрдің бе, бізден озып барады, жігіт емес пе!

Тіркеуші әйел екінші трактордағы тракторшыға қарап күлімсіреп қойды. Оның бұл көзқарасында жас тракторшының шеберлігіне сүйісінгендіктің және мақтаныш сезімі билегендіктің нышаны көрінеді.

Бұл москал тіркеуші мен тракторшы әйел ерлі зайпыты Игнат Деликов пен Анастасия Горлачева болатын. Ал, олардан озып бара жатқан тракторды жүргізуші жас механизатор бұл екеуінің ұлы Николай еді.

Бұл ұшеуінің Петропавлдағы ауыл шаруашылығын механизациялау училищесінің жанындағы тракторшылар курсін бітіріп шыққанына небары жарты ай ғана уақыт болған еді. Ал бұл азғантай уақыттың ішінде олардың ұлы Николай еңбек даласында кәнігі тракторшылардан кем еңбек етіп көрген жоқ. Кәзір Николайдың еңбек даласының озаты екендігін әйгілейтін бригаданың Ауыспалы қызыл жалауы оның тракторында желбірейді. Бұл семьяның үлкені Игнат Деликов та еңбек даласында үлгілі еңбек етіп жүр. Ол күн сайын «ДТ-54» тракторымен 7-8 гектар тың жер жыртып, күнделік тапсырманы 125—130 процеттен кем орындап көрген емес.

Николаев машина- трактор станциясына олар көктем жұмыстары басталар алдында келген еді. Бұған дейін Деликовтар семьясы Петропавл вагон депосында істеген болатын. Игнат мұнда темір ұстасы болған еді. Депода да ол үлгілі еңбек озаттарынан саналатын. Бесінші бесжылдықтың алғашқы жылынан бастап еңбек қарқынын еселеп үдеткен ол, аз уақыт ішінде екі рет «озат вагон жөндеуші» значогімен наградталған болатын, оның суреті депоның Құрмет тақтасына да ілінген-ді.

—Деликовтан үлгі алыңдар! —дейтін ол туралы депо басшылары.

Партияның шақыруына жауап ретінде бұл семьяның барлық мүшелері тың және тыңайған жерлерді игеруге өз еріктерімен баргысы келетіндіктерін білдіріп, депоның партия ұйымына арыз берген-ді. Көп кешікпей олар тракторшылық мамандығын меңгеріп, Николаев МТС-не жолдама алды. Мұнда келгеннен кейін МТС дирекциясы оларды «Путь к коммунизму» колхозында жұмыс істейтін Алексей Бородавканың бригадасына тракторшы етіп тағайындады.

Игнат пен Анастасияның және Николайдың өмірінде тыңға түрен салған алғашқы күн ең бір елеулі уақыт ретінде есте қалды. Бұл күнге олар қызу дайындалған еді. Ең алдымен олар трактор бригадасының және дала бригадасының бригадирлерімен келісе отырып, өз тракторларының маршруттарын, сағаттық график арқылы жұмыс жүргізудің тәртібін белгілеп алды. Сол сыяқты, өздері жұмыс істейтін жердің рельеф жағдайымен танысты.

Быйылғы көктемнің кеш басталуы және ауа райының жауын- шашынды болуы Деликовтардың көптен күткен көктем жұмысын ерте бастауға көп бөгет жасады. Бұл жағдай әкелі -балалы тракторшылардың тың жерді көтеруде еңбек қарқынын бұрынғыдан да арттыра беруге тиісті етті. Сондықтан да, олар тың жер айырудың алғашқы күндерінен бастап. ақ іске қызу кірісті. Олардың күнтүн демей еңбек етіп, күнделікті тапсырманы үнемі асыра орындап жүргендері де патриоттардың ауыл шаруашылығының негізі —астық шаруашылығын шұғыл өркендету жолындағы бүкілхалықтық күреске өз үлестерін қосу, сол үшін көктемгі егісті тез арада және агротехникалық жоғары сапада салып бітіру сыяқты игілікті, отаншылдық талаптан туған еді.

120—150 процент —әкелі- балалы тракторшылардың күнделік көрсеткіштері. Сонымен бірге, олар жыртқан тың жер үнемі «жоғары сапалы» деген бір ғана бағамен қабылдануда.

— Деликовтардың жұмыстары сапа жағынан, ал көрсеткіштері сан жағынан өте жоғары, —дейді олар туралы МТС-тің участоктік агрономы Михаил Василенко.

Өз коллективінің үлгілері ретінде еңбек озаты болу Игнаттың зайыбы Анастасияның да ежелгі әдеті болатын. МТС-ке келгенге дейін ол Петропавл темір жол станциясында аға стрелочник болып істеген- ді. Бұл жұмыста ол 15 жылдан астам уақыт істеді. Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында Анастасия сонымен қатар состав құрушы мамандығын да меңгеріп, екі мамандықта жұмыс істеді. Ол құраған мыңдаған состав фашист жаумен арпалысын жатқан жауынгерлерге ел көмегін жеткізіп тұрды. Бұл жылдардағы қажырлы еңбегі үшін Анастасия Горлачева «1941 —1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында қажырлы еңбектері үшін» медалімен наградталды.

Семьяның ең кішісі Николай Деликовтың VII-класс бітіргеннен кейінгі арманы темір жол техникумына түсу, сөйтіп, темір жол инженері болу еді. Ол өзінің бұл арманын енді жүзеге асырар алдында ұлы партия ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету міндетін қойды. Отаны үшін пайдалы адам болуды бәрінен артық санайтын Николай МТС-ке барып, тың жер игерушілердің алдыңғы сапында болуды дұрыс деп тапқан-ды.

Көп кешікпей ерлі-зайпыты Игнат пен Анастасия және олардың ұлы Николай тракторшылар дайындайтын курстың тыңдаушылары болды.

* * *

— Деликовтардың семьясынан үлгі алыңдар!—деген сөзді Николаев МТС-ніц директоры Еркін Әуелбеков өндірістік кеңесте үнемі айтып, бұл патриоттар семья сын өзге механизаторларға үлгі етіп отырады.

Өздерінің қажырлы еңбектерімен қатарына үлгі болған механизаторлар Деликовтардың семья мүшелері кәзір еңбек даласында тек алғашқы табысқа ғана ие болды. Бірақ, олардың болашақта зор еңбек табыстарына жететіні сөзсіз. Оған патриоттардың кәзіргі үлгілі еңбектері айқын дәлел.

А. СӘРСЕНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТАЙГАДАҒЫ УАҚЫИҒА»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҚОЗЫ-КӨРПЕШ ЖӘНЕ БАЯН-СҰЛУ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

ҚҰРЫЛЫСТА ЖҰМЫС ІСТЕУ ҮШІН

барлық мамандықтағы жұмысшылар, жүк тиеушілер, слесарьлар, токарьлар, жонушылар, фрезеровщиктер, электр монтерлері, инженер- экономист, инженер- құрылысшылар КЕРЕК.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 176-үйге келіп, кадр бөлімінен түсінік алуға болады.

Автомобиль транспорты мен тас жолдардың облыстық басқармасының Петропавлдағы автомобиль базасы осы жылғы 8 майдан бастап Петропавл мен Явленка арасында күн сайын автобус жүретін болғандығын барлық азаматтардың есіне салады. Автобус Петропавлдағы автомобиль станциясынан таңертеңгі сағат 10-да, Явленка селосынан 17 сағатта жөнелтіледі.

Жолдастар! автомобиль транспортының қызметімен пайдаланыңыздар!

Бүкілодақтық саяси және ғылми білімдер тарату қоғамының баспасы —«Халықаралық тұрмыс» атты ай сайын шығып тұратын жаңа ғылми- саяси журналға жазылушылар қабылдана бастады.

«Халықаралық тұрмыс» журналы Совет Одағының және шетел мемлекеттерінің сыртқы саясаты. халықаралық саяси және экономикалық проблема мәселелерін, жеке елдердегі жағдайларды және халықаралық жағдай туралы басқа да мәселелерді жазып отырады.

Жыл аяғына дейін журналдың жеті номері шығады.

Журналға союзпечатьтің қалалық барлық бөлімшелерінде, аудандық байланыс мекемелерінде, бөлімшелері мен агенттіктерінде, сол сыяқты, кәсіпорындары мен мекемелердегі, колхоздардағы, совхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы да жазылуға болады.

Облыстық тұтынушылар одағына машинистка КЕРЕК.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Сталин көшесі, 30-үй. Кадр бөлімі.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР. редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп -транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі —3-39, корректорлар бюросы— 4-39. Газет баспасы—5-52, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01242. **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.**